

# SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады



Сурет: В. Малеевтікі

## 2010-2011 жж. Батыс Қазақстандағы ақбөкендердің (*Saiga tatarica*) қырылуының себептеріне ретроспективтік (өткенді) бағалау

Кок Р., Грачев Ю.А., Жақирбаев А., Усенбаев А., Цутер Ш., Климанова О., Дейтерих Т., Сапанов М., Изимбергенова Г.

Автор-корреспондент: проф. Ричард Кок, Ветеринария (Королевский) колледжі және жұқпалы аурулар бөлімі, [rkock@rvc.ac.uk](mailto:rkock@rvc.ac.uk)

2010 және 2011 жылдары Батыс Қазақстанда ақбөкендердің қырылуының қазіргі және ең ықтимал болжамы мынада болуы керек: төлдеп болған соң ересек ақбөкендер өсімдіктердің жаппай қаулап өсу кезеңімен сәйкес келетін жас шөптерге бай территорияда қоныс аударып жүрді. Жас шөптермен азықтану олардың іштерінің кеуіп кетуіне, тыныс алудың бұзылуына, “өкпенің қатты қабынуы сияқтыларға”, әкеп соғып, олардың кенеттен жаппай қырылуына себеп болды.

Ақбөкендерді зақымдаған аурулардың туын зерттеу бірқатар себептерге байланысты қиын орындалатын тапсырма: зерттелетін ауданның алыстығы, жақын қашықтықтан жануарларға бақылау жүргізудің қиындығы және клиникалық зерттеу жүргізудің мүмкін

еместігі. Жұмысты бастауды кешеуілдету мынаған әкеледі: жануарлардың өлімтігін бір сағат немесе тәулік өткен соң зерттеуде ыдырауға қатысатын бактериялардың патологиялық – анатомиялық диагноздың нәтижесіне әсер етуі мүмкін.

Ақбөкен популяциясының жаппай қырылуына әкеп соқтыратын ірі-ірі және стихиялық ауруларға тап болатынын тарихи бақылаулар көрсетіп келеді. Салыстырмалы қысқа кезеңде (1955, 1956, 1958, 1967, 1969, 1974, 1981, 1984, 1988, 2010 және 2011 жж.) Қазақстанда ақбөкендердің жаппай өлім-жітімге ұшырауы, негізінен, аусыл мен пастереллездан байқалды. Бұл – үй малдары қатар жабайы өсімдіктермен қоректенетін жануарларда жоғары дәрежеде өлімге әкелетін эпизоотиялық вирустық және бактериалдық аурулар.

Соңы 2-ші бетте.

Шығуына қаржылай көмектескендер:

# МАЗМҰНЫ

## Негізгі мақала

*Кок Р. және басқалар.* 2010-2011 жж. Батыс Қазақстандағы ақбөкендердің (*Saiga tatarica*) қырылуының себептеріне ретроспективтік (өткенді) бағалау..... **1**

## Жаңалықтар

*Кюль А., Реттгер К.* CMS (қоныс аударатын түрлер конвенциясы) COP10: қоныс аударатын түрлермен жүйелілік жұмыс ..... **4**

*Арылова Н.Ю.* Жабайы табиғатты қорғау ұйымының (WCN) 10-шы юбилейлік көрмесі..... **5**

*Дэнсер Э.* Оңтүстік Ресейде ақбөкен жөнінде бірінші халықаралық экотур..... **6**

*Дагмар А.-Б.* Алтын Далада ақбөкенге бірінші фото - сафари.... **7**

*Минькеев Ч.* Тірі ақбөкенді көру, немесе «Яшкөл» питомнигіне бару..... **8**

*Быкова Е.А.* Үстіртте ақбөкен туралы жаңа документальды фильмді көрсету өтті..... **9**

### **Прессалардан (баспалардан):**

Ақбөкеннің орал популяциясын қорғау жөніндегі екіжақты келісімге қол қоюға дайындалуда.

Ырғыз-Торғай резерватының әкімшілік комплексі жұмысын бастады.

Қалмақияда ақбөкенге санақ жұмысы жүргізілді.

Байқал кинофестивалінде «Ақбөкен-2 туралы қисса» мультфильмі арнаулы сыйлық алды.

Қалмақияда ТНТ ақбөкенді сақтау программасын қолдауды жалғастыруда.

Браконьерліктің және жасырын сауданың жолын кесу оқиғалары.

## Мақалалар

*Лхагвасурен Б. және басқалар.* Моңғолияда сүтқоректілердің қоныс аударуына инфрақұрылымның әсерін талдау..... **13**

*Бувейбатар Б. және басқалар.* Үй малдары мен ақбөкеннің қоректену ерекшеліктері және олардың арасындағы азық үшін бәсекелестік ..... **14**

*Кевена С.Н.* Ақбөкеннің қоныс аударуын одан әрі зерттеудің келешегі..... **16**

*Офффорд С.* Өзбекстанда ақбөкенге мониторинг жүргізудің потенциалды әдістемелерін бағалау..... **18**

*Самюэль К. және басқалар.* Жаппай өлім-жетімге ұшыраған соң ақбөкеннің орал популяциясын сақтау процесіне жұртшылықты тарту..... **18**

*Переладова О.Б.* Ресейде ақбөкенді сақтаудың ұлттық қимыл жоспарын дайындау..... **20**

## Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

А.А. Григорьянц, Өзбекстан ..... **21**

## Проектілерге шолу

2011 ж. ақбөкенді сақтау Альянсының кіші гранттар программасына конкурс..... **22**

## Хабарландыру

Ақбөкенді сақтау жөніндегі қоныс аударатын түрлер конвенциясының (CMS) халықаралық ортамерзімді жұмыс программасының орындалуын үйлестіру..... **23**

*Аяғы (басы 1-ші бетте)*

Қазірде ақбөкеннің бүгінгі санының аз екенін ескерсек, эпизоотия олар үшін аса қауыпты, өйткені одан жануарлардың қырып кетуі мүмкін.

Бұл мақалада біз 2010 жылы (шамалмен 12 000 – 15 000 аң) және 2011 ж. (400-ден аса ақбөкен) Батыс Қазақстандағы Борсы поселкасының маңында жаппай қырылған ақбөкендер туралы әңгіме етпекпіз, Зерттеу негізіне кең талқылау, дала экспедициясы кезінде алынған мәліметтер және алынған материалдарға талдау алынды. Біздің негізгі қортындымыз мынадай: өлген жануарлардың мүшелері ткандарынан бөлінген *Pasteurella multocida* негізінде «пастереллез» ауруынан деп диагноз қою патологиялық және эпидемиологиялық анализсіз дұрыс емес. Жалпы, екі жыл ішінде аурудың туу себептерін зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер толық және соңғы диагноз қоюға жеткіліксіз. Бірақ, қоршаған орта жайынан алынған пробтар мен ткандар үлгілеріне талдау жасау негізінде жануарларға уландарғыш заттардың әсерлері болмауға тиіс деген болжам жасауға болады. Мынаны айта кету керек, мәліметтерді жинау әдісі, өлген жануарларды союды өткізу және пробтерды алу қолайлы жағдайда болған жоқ. Бұл өкініш тудырады, бірақ мүмкіндіктің аз болуымен және мамандардың жетіспеуін есепке алсақ, оны түсінуге болады. Альтернативті (балама) түсіндіру табу өте қиын, бірақ бұл екі оқиғаның бірқатар ерекшеліктері ақбөкендердің жаппай қырылуына бірқатар болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, 2010 жыл мен 2011 жылдағы ауру белгілері бірдей болды, аурудың лап етуі жылдың сол бір жетісінде және сол бір ауданда болды. 2010 жылы өлім шамамы популяцияның 75% қамтыды, ал 2011 ж. өлім дәрежесі де сондай болды, бірақ бұл жолы шамамен 500-дей ақбөкен өлімге ұшырады сол өткен жылы өлім-жітімге ұшыраған ауданда, ал басқа жерлерде жайылған ақбөкендер аман қалды (1-ші сурет). Бұл жағдай мынадай болжам айтуға мүмкіндік береді: негізгі себеп-жұқпалы аурудың болуы екіталай, өйткені бұл ауруға иммунитеттері бар популяциялардың өлім дәрежесі төмен болады ғой. Пастереллез (пневмоникалық немесе геморрагикалық септицемия) әдетте стресс факторымен байланысты, бірақ біздің қарап отырған жағдайда әдеттен тыс топтану, жоғарғы тығыздық туралы мәліметтер жоқ немесе кездейсоқ стресс тудыратын физикалық, табиғи немесе ауа райы жағдайлары байқалмаған. Төлдеудің өзі-ақ стрессаның жоғары болатын кезеңі болып табылады, бірақ қарап отырған жылдары басқа өткен жылдардан айырмашылығы болды деп айтуға себеп жоқ. Сонымен бірге бұл ауданда пастереллез ауруымен ауырған үй малдары тіркелмеген.

Өлген жануарлардың тканьдарынан *Pasteurella* және *Clostridia* сияқты бактериялардың табылуы әлі де ешнәрсе айтуға дәлел бола алмайды; өйткені бұл микроорганизмдер әдетте тыныс жолында және қарын-ішек жолында болады және соған сәйкес, қолайлы жағдайда организмді зақымдауы мүмкін және зақымдайды да. Жануарлар қалдықтарын салақтық жолмен союда бұл бактериялармен пробтардың зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.

***Pasteurella* және *Clostridia* бактерияларын кейбір жағдайда бөлу ешбір күмән тудырмайды; бірақ бұл микроорганизмдердің аурудың патогенезінде басты роль атқаратындығы әлі де дәлелденген жоқ.**



Екіншіден, бұл екі жылда төлдеу кезінде ақбөкендердің қоныс аударып, жайылуы бұрынғы жылдардан онша өзгерген жоқ, бірақ олар, әдеттегідемен салыстырғанда, солтүстік пен батысқа қарай болды; бұл жылдары күн жылы және басқа жылдармен салыстырғанда ылғалды болды.

Басқа басты бақылау – бұл жайылып жүрген ересек аңдардың бірнеше күн ішінде кенеттен қырылуы, сол кезде ақбөкен лақтары аз зақымданған, мүмкін, аналықтары өлгеннен кейін олар аштықтан өлген шығар. Бұл жұқпалы ауруға тән көрініс емес. Осы екі жылдың ішінде жануарлар өлімінің аса басты белгісі – бұл екеуінде де сол бір аудан; соған сәйкес, өлім сол жерге немесе жайылымның өсімдіктеріне байланысты. Бұл ауданға тән ерекшелік – дәнді дақылдардың басым түрлерінің кейбір улы өсімдіктердің шоғарлануымен бірге (*Lepidium perfoliatum*, *L.ruderalis*, *Descurainia sophia*, *Thlaspi arvense*) тығыздығының өте жоғары болуы. Сонымен бірге іштің кеуіп кетуін тудыратын потенциалды өсімдіктердің (*Medicago sp.* (26%), *Potentilla sp.* және *Polygonum sp.*) болуы. Бұл өсімдіктер рельефтің шағын ойпаттау жерінде жайылымның ең ылғалды және шөптері қаулап өсетін участкелерінде көп өседі.

Фото және видео материалдарда, басқада түрлі бақылаулардағы сияқты, жануарлардың қарындарының тез кеуіп кетуінен, жеңіл гастроэнтериттен және тыныс алу бұзылғанынан азап шеккенін байқатады. Соның нәтижесінде бай жайылымда жайылып жүрген жерінде жаппай қырылған. Көктемде жылылық пен ылғал нәрлі азықтық өсімдіктердің қаулап өсуіне жағдай жасайды; сондықтан ақбөкендердің төлдеуі осы уақытқа сәйкес келеді, бірақ мұндай азықтану ас қорыту процессінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Үй малдары көктемде немесе күзде арнаулы жайылымдармен немесе өсімдіктердің түрлерімен байланысты осыған ұқсас жағдайға тап болады. Шөп дайындауға пайдаланылатын жайылымдық өсімдіктер ассоциациясында ол кейде "fog fever" деп аталады.

Келешекте ақбөкендер денсаулығын сақтау үшін және оларды қорғау шараларын жүзеге асыру үшін мыналар ұсынылады:

- **Бақылау**, сол кездегі жағдайға байланысты өткізіледі; бақылаудың пассивті және активті әдістерін




**2010 және 2011 ж. мамыр айындағы Борсы ауданының схемасы; онда ақбөкендердің төлдеген жерлері мен олардың азықтық қозғалысы көрсетілген.**


**Күшті жаңбыр мен жылы ауа райы кезінде жергілікті жердің топографиясына байланысты бай жайылымда байқалады.**

- ұштастыра отырып, ол сондағы жағдайға бейімделуі қажет. Мұнда жауапты басшы органдардың жұмысы, оның қызметі ақбөкендер денсаулығын сақтауға бағытталуға тиіс; табиғатты қорғау мекемелерінде мыналар басымдыққа ие: кеңейтілген пассивті бақылау және хабарлау системасы, бұлар патрульдеу нәтижесінде жүргізіледі;
- Көп жағдайда ақбөкендердің қырылуының маусымдық сипаты бар және әдетте төлдеу уақытында өтетін ескеріп, жылдық бақылауды өткізу үшін арнаулы группа ұйымдастыру ұсынылады; олар 3-4 жетінің ішінде төлдеуге дейін және одан кейін Қазақстандағы негізгі ақбөкен популяциясының жағдайын зерттейтін болады.
- **Зерттеу**, ол жануарлар денсаулығының нормалды параметрлерін анықтауға бағытталған, денсаулыққа экологиялық жағдайлардың әсерін талдау, мінез-құлықпен, мекендейтін жерімен, ауа райымен және қоректенуге байланысты барлық аспектілерді зерттеу. Ауру лап ете қалған жағдайда бұрын дайындалған мамандардың күшімен дереу жан-жақты зерттеуді бастау керек;
- Ауру лап ете қалған уақытта қатысу (араласу) дәрежесі эпидемиологиялық ситуацияға және әсер ету мүмкіндігіне байланысты;

- Кезкелген ауруға соңғы диагнозды қою үшін әртүрлі мамандардан тұратын группа ұйымдастыру қажет, әртүрлі анализдер жасау үшін лабораториялар және ұштастыратын адамдар тізімін жасау қажет. Және экотренді анализ жасау үшін ресурстармен қамтамасыз етуде қажет етеді. Мүмкіндігіне қарай, тізімге шет ел лабораторияларында кіргізген орынды.
- Әртүрлі институттардың потенциалдарын күшейтуді қамтамасыз етуде маңызды. Ақбөкенді сақтауға жауапты министрлік жанынан мультидисциплинарлық группа ұйымдастыруда ұсынамыз. Группаның міндеттері - сау жануарларды тиімді зерттеу, ауру жағдайын тексеру, анализ, араласу, бақылау немесе басқару болып табылады; Оның құрамында жайылым жөніндегі эколог, ветеринар-эпидемиолог, аурулардың экологиясы туралы маман және жабайы жануарлар жөніндегі ветеринар (экспедиция жағдайында жұмыс жүргізу үшін қосалқы персонал мен құрал-сайманға жолы ашық болуы қажет) болуы керек.



Борсы ауданының картасы; онда шамамен төлдеген жерлер және ақбөкендердің қырылған жерлері көрсетілген (Бақытбек Дүсекеев берген, [cites@minagri.kz](mailto:cites@minagri.kz); Охотзоопром суретінің оригиналына Тиль Дейтерих дәлдіктер енгізді).




Фотода (Охотзоопромның видеофильмінен) өліп бара жатқан ақбөкен; онда оның құлауы, кеуіп кетуі, цианоз (асфиксия) және жануар өлген соң тыныс алу жолынан бөлінген қан араласқан көбік бейнеленген.

## Жаңалықтар

### CMS (қоныс аударатын түрлер конвенциясы) COP10: қоныс аударатын түрлермен жүйелілік жұмыс

Алин Кюль, Кристиан Реттгер, ЮНЕП/CMS секретариаты



2011 жылдың аяғында Норвегияда 80-нен аса мемлекеттің өкілдері ақбөкен сияқты қоныс аударатын түрлерді глобалды сақтау мәселесін талқылау үшін жиналды.

Қоныс аударатын түрлер конвенциясының жақтастарының (COP10) 10-шы конференциясы мынадай девизбен өтті: «Қоныс аударатын түрлермен жүйелілік жұмыс». Мұнымен тек негізгі мекендейтін учаскелерді ғана анықтау және оған байланысты қоныс аударатын түрлерді қорғау ғана маңызды емес, сонымен бірге әртүрлі мүдделі жақтардың арасында тығыз байланыс болғаны да өте маңызды – үкіметтен бастап жергілікті тұрындарға дейін. 28 резолюцияның (қарардың) көптеген пункттері COP10-те қабылданған, ақбөкен үшін де өте актуальды, маңызды.

Экологиялық жүйе туралы қарардың 10.3 пункті, мүмкін, қоныс аударатын жануарлардың экологиялық жүйесінің дамуына мүмкіндіктер тудырады. Уақытша немесе тұрақты негізде ақбөкен үшін маңызды территорияларды бөлу мен оларды қорғау керектігі өзінен-өзі туады; бұл мәселе CMS-ке қол қойған елдердің 2-ші кездесуінде (Улан-Батор, 2010 ж. қыркүйек айы) және Қазақстанда ақбөкенді сақтау жөніндегі Меморандумының орындалуы жөніндегі CMS-тің семинарында сөз болған (Астана, ақпан 2011).

COP10 шеңберінде ЮНЕП/CMS GRID-Arendal-мен бірігіп «Тірі планетада бәрі бір-бірімен байланысты» атты кітапқа тікелей пікірлер жинау шарасын өткізді, онда экологиялық жүйені дамыту керектігі баса айтылды. Ақбөкенді зерттейтін эксперттердің үлкен үлес қосқанын ескере отырып, бұл түр мысал ретінде қарастырылды. Осы кітаптан алынған қарталардың көшірмесін тегін алып, шексіз пайдалануға болады:

<http://maps.grida.no/go/collection/living-planet-connected-planet-rapid-response-assessment>.

Ақбөкен таралған елдерден COP10-тің Ғылыми советінің жұмысына Қазақстан, Өзбекстан және Моңғолия өкілдері белсене қатысты. Олармен көршілес елдерден Қырғызстан мен Таджікстан қатысты; Таджікстан арқарды (*Ovis ammon*) CMS-тің екінші қосымшасына енгізуді жақтаушылардың белсенді мүшесі болды. Орта Азия елдері сондай-ақ ителгіні (*Falco cherrug*) CMS-тің бірінші қосымшасына енгізу жұмысшы тобында белсенді қатысты. Конференция алдында Бергенде тоғай бұғысын сақтау мен қалпына келтіру туралы өзара түсінісу Меморандумына қол қоюшылар бірінші рет кездесу өткізді; оған тоғайлы орманда мекендейтін жойылып кету қаупі бар бұл бұғыны сақтап қалудың келешектегі шараларын жоспарлап жатқан ортаазия елдері де қатысты.



Сурет ENB.

**Ева Клебельсберг, АСБК, Қазақстанда ақбөкенді сақтау процессінде жинақталған тенденциялармен және сабақтармен бөлісті.**

Ақбөкен мен арқарды сақтау мәселесі екі жалғаспалы шараларда кең талқыланды. Ірі тұяқты жануарлардың қоныс аудару жолында кедергі тудыратын инфрақұрылымдарды дамыту проблемасын талқылауға Ғылыми Совет пен жалғастырушы шаралар талқылау кезіндегі кездесуде үлкен көңіл бөлінді. WWF-Моңғолия өкілдері инфрақұрылымдар дамуының әсерлерін зерттеу нәтижелерімен бөлісті; әсіресе, ақбөкен мен кеңалқымды жайран (дзерен) сияқты тұяқты жануарлардың мекендейтін қоныстары мен қоныс аудару жолындағы автокөліктер мен темір жолдардың оларға әсерлері зерттелген. Жұмыс Мопасоның қаржылай көмегі арқасында орындалған, оны конференцияға қатысушылар терең қолдаған. Бұл қоныс аударатын жануарларға әсер ететін инфрақұрылымдар дамуының жағымсыз әсерлерін азайту жолындағы бірінші қадам болып табылады.



Сурет ENB.

**Тоғай бұғысы туралы кездесуге қатысқандар (солдан оңға қарай: Кристиана Реттгер, Хайрбек Мусабиев, Элизабет Мрема және Мелани Вирту).**

(*Saiga News*-тің осы нөмеріндегі мақаланы қара). Ученый Советте талқыланған Орталық Азияның шөл шөлейтті аймағының сүтқоректілері туралы CMS-тің жоспарының проектісі келешекте таралу аралдары енетін мемлекеттермен және эксперттермен байланыса отырып, 2012 жылы дайын болуға тиіс, сондай-ақ бұл проектіге ақбөкенді сақтау міндеттері де енеді.

*Қосымша мәліметтерді мына сайттан алуға болады [www.cms.int](http://www.cms.int) және <http://www.cms.int/bodies/COP/cop10/media.htm>. Сондай-ақ Сіз CMS-тің Орталық Азия жөніндегі регионалды координаторы Кристиан Реттгермен, [croettger@cms.int](mailto:croettger@cms.int) және Азия фаунасы жөніндегі консул Таедж Мундкурмен байланыса аласыз, [taj.mundkur@wetlands.org](mailto:taj.mundkur@wetlands.org).*

## **Жабайы табиғатты қорғау (WCN) ұйымының 10-ші мерекелік көрмесі**

*Надежда Арылова, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы, [arylova@gmail.com](mailto:arylova@gmail.com)*

2011 ж. 1-ші қазанында Сан-Францискода (АҚШ) Халықаралық жабайы табиғатты сақтау ұйымы ұйымдастырған 10-шы юбилейлік көрме өтті. Бұл шара тек WCN үшін ғана емес, сондай-ақ дүние жүзінде сирек кездесетін жануарлар түрлерін сақтаумен айналысатын бұл ұйымның партнерлері үшін маңызды оқиға болды.

Бұл мерекелік жылда, WCN тағы да табиғат қорғаушыларға америка жұртшылығына өздерінің табастары, проблемалармен пікір алысу, донорлармен, волонтерлермен, эксперттермен табиғат қорғаудың әртүрлі салаларымен пікір алмасуға үлкен мүмкіндік туғызды. Бір-бірінен мың шақырым алыс тұратын экологтардың тәжірибе алмасу үшін өте маңызды болды; олар бірдей қиындықтармен кездесіп, өздерінің жұмыстарына қызыға қарайды ғой.

Әдетте WCN Экспо-нің жылдық негізінде, өздерінің көрмесімен қатар, WCN партнерлері үшін семинар өткізеді және донорлармен кездесу ұйымдастырады. Жас ғалымдарды қолдау үшін бөлінген WCN программасының стипендиаты ретінде, бірінші отырыста мен Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкенді сақтау жөніндегі өз жұмысымның нәтижелерімен бөлістім.



Сурет M. Varonicki

**Чарли Нолез жұртшылыққа WCN стипендиаттарын таныстыруда.**

Арнаулы қабылдау кезінде, сондай-ақ программаның спонсорларымен, донорлармен және WCN қызметкерлерімен кездесу кезінде, маған, басқа елдердің жас ғалымдарымен бірге, біздің жұмыстарды қолдағаны үшін үлкен алғысымызды білдіруге мүмкіндік болды.

Семинарларға қатысу қаржы табу жұмыстарының құпия сырларын тікелей естуге мүмкін туғызды, сондай-ақ донорлармен кездесудегі практикалық советтер, проектiлер жазудағы мастер-кiастарға қатысу, жұмыстарды стратегиялық жоспарлау және тиiмдiлiгiн бағалау, жануарлардың сирек түрлерiн зерттеу үшiн бизнес-технология мен дәстүрлi емес әдiстердi қолдану (мысалы, қызмет саласындағы иттер көмегiмен) мәселелерiн бiле түсуге жәрдемдестi. Алынған мәлiметтер негiзiнде, табиғатты қорғау саласындағы қазiргi тиiмдi әдiстердi қолдану саласында практикалық басшылықты түсiндiм; оның Ресей үшiн маңызы зор.

WCN юбилейiнiң құрметiне арналған қабылдауда құрметтi қонағы-голливудтың белгiлi артисi Изабелла Росселини ханым болды; ол өзiнiң қатысуымен тек қана экологтарды ғана рухтандырып қойған жоқ, сонымен бiрге жұрттылықтың көнiлiн сақтауды керек ететiн жануарлар түрлерiне аударып, оларға WCN жұмысы тарапынан көмектесу керектiгiне тоқталды.



Сөйлеп тұрған Изабелла Росселини.

Мен үшiн әдеттегi жағдайда өткен кездесулер өте қызықты өттi; мәлiметтер және тәжрибелермен алмасу сөз болды; потенциалды донорлармен байланыс жасауға мүмкiндiк болды.

Бiрақ сондай үлкен оқиға көрме болды; ол мыңдаған қонақтарды – табиғат әусеқойларын, дүние жүзiнiң әр түкпiрiнде жұмыс iстейтiн ғалымдар мен табиғат қорғау ұйымдарының өкiлдерiн жинады.

## Оңтүстік Ресейде ақбөкен жөніндегі бірінші халықаралық экологиялық тур

Энтони Дэнсер, SCA, [mail@saiga-conservation.com](mailto:mail@saiga-conservation.com)

2011 ж. 7 қыркүйегiнде ақбөкендi сақтау Альянсы (SCA) ұйымдастырған ақбөкен жөнiндегi бiрiншi экотур табысты аяқталды. Соңғы екi жылда SCA Ресейдiң оңтүстiгiнде ақбөкен мекендейтiн жерлерде экотур өткiзудi ұйымдастырды; сол арқылы бұл түрдi сақтап қалу проектiсiн қолдауға жәрдемдесу едi, сондай-ақ жергiлiктi экономика үшiн қаржылар көзiн табу және халықаралық қауымдастықпен байланыс орнату едi. Бұл мақсатпен SCA жергiлiктi туристiк компания «Saga Voyages»-пен байланысты; ол табиғаты бай және мәдениеттi назар аударатын жерлерге 10-күндiк тур ұйымдастырды. Солтүстiк америка туристiк группасы жолды Ростов-на-Дондан бастап, Қалмақияда болып,



Ақбөкендi сақтау Альянсының экспозициясы.

Сондай қызықты оқиға-әлемде белгiлi табиғат қорғаушысы доктор Джейн Гудоллдiң сөз сөйлеуi болды. Ол былай дедi: *“Жыл сайын WCN-нiң көрмесiне қатысу мен үшiн өте маңызды және толқытатын оқиға болды. Бiз мазасыз әлемде өмiр сүреміз; менi мұнда өз iстерiн сүйетiн адамдардың, әсiресе жастардың, өте көп жиналуы менi қызықтырады”*. WCN-нiң партнер – ұйымдарының және жаңа шақырылған ұйымдардың презентациялары өте қызығушылық тудырды. Залда және демонстрациялық көрме столдарында көрмеге келушiлер жануарлардың алуын түрлерiмен, олардың экологиясымен, сонымен қатар олар мекендейтiн елдердiң адамдарымен және мәдениеттерiмен танысты.

Сондай сенiммен айту керек, ақбөкендi сақтау Альянсы WCN-нiң белсендi партнерлерiнiң бiрi. Бiрлесiп қызмет еткен жылдары дүние жүзiнде ақбөкендi насихаттауда үлкен жұмыс атқарылды. Көрме табысты өттi. Қатысушылар жағынан ақбөкендi сақтау проблемасы үлкен қызығушылық тудырып, үлкен қолдауға ие болды. Экспо-2011 қатысу өте маңызды және пайдалы болды. Уникальды дала антилопасын сақтау жолындағы келешектегi шаралары жүзеге асыруға күштi импульс болды. Бұл шараларды ұйымдастырғаны және оған менiң қатысуыма мүмкiндiк берген WCN-ге үлкен ризашылығымды бiлдiремiн.

сапарды тарихи Астрахань қаласында аяқтады. Жол бойында туристер SCA жұмыс iстейтiн барлық негiзгi жерлерде болды, оның iшiнде Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы мен Астрахань облысындағы “Степной” табиғи қорықшасы бар. Олар сондай-ақ Яшкөл поселкасындағы ауыл мектепiнде, Ростов биосфералық қорықта болып, Едiл өзенiнде экскурсиялық сапар жасады.

Бiз жүрген әртүрлi этапты сапарларында ерiп жүрген эксперт-экологтар группасына алғысымызды айтамыз: Ростовтың биосфералық қорығының директоры Людмила Клецке және оның қызметкерлерi Александр Лаповичке, Владимир Казминге және Виктор



Туристер группасы «Яшкөл» питомнигінде (сол жақта) және Еділ өзені суындағы экскурсияда (оң жақта).



Федосовке; Виктор Петренкоға «Даланың тірі табиғаты» Ассоциациясынан, жабайы жануарлар Орталығының директоры Юрий Арыловка және "Степной" табиғи қорықшасының директоры Анатолий Хлудневке.

Турдан алған әсерлер өте жағымды болды. Дебби Чорнейко (Канададан) былай деді: *"Ақбөкенге көмектесуге ынталы адамдарды көргенде, олардың берілгендігі мен қамқорлығын көру-бұл шынында да қанаттандырады және үміт күттіреді"*. Сонымен бірге келешекте де мұндай турларды өткізуді жақсарту, кеңейту жұмыстары жүргізілетін болады. Біздің тур жыл сайын өткізілетін болады деп

үміттенеміз; ол ақбөкенді сақтау үшін тұрақты, сенімді қаржы көзі болып табылады және Ресейдің оңтүстігінде биоәртүрлілікті сақтауға халықаралық қауымдастықтың көңіл аударуға мүмкіндік береді. Қазірде келесі турды өткізуге дайындық жұмысы жүріп жатыр: келу 2012 жылдың тамыз айының аяғына жоспарланған. Тур туралы мәлімет SCA-ның тізімі бойынша хабарландырылады және келеміндеушілерге Альянстың вебсайтында болады.

Барлық ынталы адамдар бізбен мына адрес бойынша хабарлауға болады: [mail@saiga-conservation.com](mailto:mail@saiga-conservation.com).

## Алтын-Далада ақбөкенге бірінші фото-сафари

Дагмар А.-Б., Франкфурт зоологиялық қоғамы, [andres-bruemmer@zgf.de](mailto:andres-bruemmer@zgf.de)

2011ж. 31-ші мамырдан 9-шы маусымға дейін Қазақстанның биоәртүрлігін сақтау Ассоциациясы (АСБК) "Nomadic Travel" агентствамен бірлесіп, Алтын-Даланы сақтау Инициативасының проектілік территориясында бірінші «ақбөкенге фото-сафари» өткізді. Бұл сапар Қазақстанның Алтын-даласында табиғатты және жабайы жануарларды зерттеу мақсатымен экологиялық туризмді дамыту мүмкіндігін зерттеудегі байқау проектісі болды. Бұл проектінің негізгі идеясы мынада болып табылады: дұрыс ұйымдастырылған экотуризм қаржы табудың тұрақты көзі болады және АСБК табиғи территориясы басқаруға жәрдемдеседі, сондай-ақ бұл алыс өлкенің жергілікті тұрғындарына табыс табу көзі болып есептеледі. Сондықтан да бұл сапардың мақсаты -

жергілікті жұртшылыққа және табиғат қорғауға табиғатты сүйетін туристердің бұл жабайы далалық территорияға келуі пайданы ма, соны түсіну еді.

Тур биологиялық әртүрлілікке бай әлі пайдалана қоймаған үлкен территорияда қазақ даласының нағыз орталығында өтті; оның қазіргі жайы алыс қашықтыққа қоныс аударатын жануар – ақбөкенге де байланысты болады. Соңғы жылдары ақбөкеннің бетпақдала популяциясының саны айтарлықтай өскеніне байланысты бұл алыс және жабайы өлкеде туристік экспедициялар өткізуге мүмкіндік туды, әсіресе, сирек антилопа – ақбөкенге бақылау жүргізу мақсатымен. «Ақбөкенге фото-сафари» маусым айының басында жануарлардың ұрпақтарын өргізген және төлдеген жерін тастап кеткен кезде өтті.



Еуропада сирек кездесетін түр – сарысағак шүрілдекті бақылау.

Тур Жезказған қаласының аэропортынан басталып, сонда аяқталды және ақбөкен мамандары Өркен Шаймұханбетов пен Ева Клеббельберг (АСБК) өткізді, сондай-ақ оған сол территорияда жұмыс істейтін инспекторларда қатысты. Бірінші түнді группа Ұлытаудағы жеке меншік фермада өткізді; қонақтарға қабылдаған семьяның қонақжайлығы, әдеттегі қонған үйі және тамақтары үлкен әсер қалдырды. Таңертең туристер Алтыбайдағы лагерьге жетті; онда 6 күндей болып, сол маңдағы ақбөкендермен және басқа да жабайы жануарларға бақылау жүргізді.

Сурет А.Б. Дасмарғали



**Туристер АСБК мамандарына қасқыр популяциясына мониторинг жүргізу үшін фотоловушканы орнатуға көмектесуде.**

### ***Даладағы лагерь***

Лагерь елден алыс Ұлы Жыланшық өзенінің жағасында орналасты. Екі кигіз үй тігіліп, қонақтарға жайлы болуы үшін ішіне әртүрлі мебельдер қойылып, іші қазақ дәстүрімен безендірілген кілемдермен жабдықталды. Екі жергілікті повар (ас пісіруші) аздап еуропа дәмділігіне бейімделген жақсы қазақтың ұлттық тамағын дайындады.

Лагерь орналасқан Алтыбай территориясы өте сирек кездесетін далалық экосистема. Жабайы шошқалар, қасқырлар және құстардың көптеген түрлері жиде тоғайларын паналау үшін және азық қорының көзі есебінде пайдаланады. Құстардың алуантүрлілігі және мол болуы құстарға бақылау жүргізушілерді өте қызықтырады, өйткені онда сарысағак шүрілдек сияқты сирек кездесетін қанаттылар ұшырасады. Мұнда ұсақ сүтқоректілердің, бауырымен жорғалаушылардың, инеліктер мен қоңыздардың әр түрлері кездеседі де, оларды бақылауда онша қиындық тудырмайды. Бұл қоныстардан қиынсыз-ақ қасқырдың, жабайы шошқаның, борсықтардың, сондай-ақ ақбөкендер іздерін көруге болады. Бұл, шынында, ғажайып орын, әсіресе, кімді экология мен табиғат әлемі қызықтырады.

### ***Көрінбейтін ақбөкендер***

Фото-сафари өткізуге барлығы бірнеше жеті қалғанда, АСБК группасының мүшелері төлдеу кезінде осы участкада 20 000 ақбөкендерді кездестірген еді. Бетпақдала популяциясының өсуі, сондай-ақ үлкен топтардың ұшырасуы ақбөкендерді жақыннан суреттерге түсіруге мүмкіндік береді ғой деп үміттенгеміз. Бірақ ауа райы мен жануарлар біздің үмітімізді ақтамады. 2011 ж. көктемі жаңбырлы болды да, АСБК группасы күткендей, ақбөкендер әдетте су ішетін жеріне келмеді. Алты күндей аңызға айналған «Үлкен топтың» келуін күткен едік, өйткені біздің келуімізге бірнеше күн қалған кезде инспекторлар оларды осы маңда көрген еді. Бірақ ақбөкендер «көрінбейтіндер» болып шықты. Көрген 30-40 бас ақбөкендер тобына жақындау бірнеше жүз метрдей болды; бірақ топ тез-ақ горизонттан асып, жоқ болды. Дамылсыз жауған жаңбыр алғашқы күндері жағдайды қиындатып жіберді, жолдар жүруге жарамсыз болып қалды. Бақылау лагерь маңында ғана жүзеге асты. Соған қарамастан, біз ақбөкендерді көрдік. Бұл жануарларға браконьерлер әсерін ескеріп, әрі бұрынғы кездермен салыстырғанда аңдардың әлі де көп еместігін ескерсек, онда біздің жолымыз болғаны. Егерде екі-үш жыл бұрын мұндай жағдай мүмкін болмас еді.

### ***Туризм үшін мүмкіндіктер***

Айрықша ерекшелетін дала ландшафтасы және ол ауданның алыстығы себепті Алтын-Дала ерекше қызығатын әуесқой группалар баратын орын болып табылады. Бірақ соған қарамастын туристер саны онша көп емес, деседе жоғары дәрежеде экологиялық туризмді дамыту мүмкіндігі бар. Ал жергілікті тұрғындар туристерге өздерінің дастархандарын жайып, фермаларын көрсетіп, одан өздеріне пайдалы жағын табар еді.

Сонымен бірге, далаға саяхатты жаяу түрдегі туризм, атпек саясат жасау сияқты саяхат түрлерімен байланыстыруға әбден болады; сол арқылы саясат түрлерін басқа да группалар үшін қызықты етіп ұйымдастыруға болады. Ал, жоспарланып отырған Пржевальский жылқысы мен құланды қайта жерендіруді еске аласақ, онда Алтын-Дала экотуризм үшін ең қызықты жер болып табылады, сондай-ақ «қасқырға бақылау» жүргізетін қолайлы орында осы, өйткені бұл жыртқыш популяциясы аздап өсіп келеді, туристерге бақылауға әбден болады. Сонымен бірге туризм жалпы елімізде табиғатты қорғау керектігін түсіну дәрежесін өсіреді.

*Егерде сіз дала саяхатына қатысқыңыз келсе, онда Ольга Климановамен, [Olga.klimanova@acb.kz](mailto:Olga.klimanova@acb.kz) хабарласыңыз.*

## **Тірі ақбөкенді көру, немесе «Яшкөл» питомнигіне сапар**

*Минькеев Чингис, МОУ «Лиджи-Горяева Тюрбья Л-Г. атындағы солтүстік орта білім мектебі»  
Лаган ауданы Қалмақия Республикасы*

2011 ж. қараша айында биология сабақтары есебінен біздің мектептің 9-10 класс оқушылары ақбөкен жөніндегі алған білімдерін толықтыру үшін «Яшкөл» питомнигіне сапар шекті. Тек осында ғана балалар кітаптардан оқыған ақбөкендерді өз көздерімен көре алады; Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкендер популяциясының қазіргі жайымен таныса алады,

қырылу себептерін біледі және біздің республикамызда дүниежүзілік табиғи мұра болып саналатын бұл антилопаларды сақтау, қорғау шараларымен танысады. Оқушылар үлкен, кең вольераларда ақбөкендер қалай өмір сүреді және оларды питомник қызметкерлері қалай күтеді, міне осыларды көздерімен көрді. Визит-Орталығында біз Қалмақиядағы ақбөкендер туралы



Видеороликте көруге мүмкіндік алдык; ол көп қызығушылық тудырды; Орталық қызметкерлерінің жұмыстарымен танысуға мүмкіндік берді; бізді қызықтырған сұрақтарды беруге жағдай болды; Республиканың басқа мектептеріндегі ақбөкендерге арналған оқушылардың творчестволық жұмыстарын көрдік.

Орталық вольеріндегі басқа да жануарларды да бақылау қызықты болды: бизон, жабайы шошқа, эму түйеқұсы, жабайы құстар, түйелеріді көру үлкен әсер қалдырды. Қортындысында балалар туған өлке туралы, сондай-ақ біздің Республика мен жалпы дүние жүзіндегі ғажайып биологиялық әртүрлілікті және ақбөкенді сақтауға қатыстының барлығын сезінгендей болдық. Экскурсия балаларға сондай ұнады және мұғалім үшін де пайдалы болды.

Біз питомник қызметкерлеріне питомникте көруге мүмкіндік бергені және жылы қабылдағаны үшін, ал ұйымдастырушыларға біздің сапарымызды жүзеге асырғаны үшін үлкен рахметімізді айтамыз.



Сурет мектеп архивінен

Лиджи-Горяева Тюрбя Л-Г. атындағы Солтүстік орта мектебінің оқушылары «Яшкөл» питомнигіне кіре берісте.

## Үстірт поселкаларында ақбөкен жөніндегі жаңа документальды фильмді көрсету өтті

Елена Быкова, SCA, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)

2011 ж. күзінде Өзбекстанда ақбөкенді сақтау мәселесіне арналған «Соңғы шегінде» («у последней черты») жаңа документальды фильмді көрсету салтанаты өтті. Фильм SCA ұсынысы бойынша Гала-фильм киностудиясында түсірілді; қаржылай көмекті Coins for Change Disney Canada, Marsh Christian Trust және DVV International көрсетті; фильмде Үстірт қыратында бірнеше жүз жыл бір-бірімен қатар өмір сүріп келе жатқан ақбөкен мен адам арасындағы дағдыдың шексіз байланысы туралы әңгіме болады. Картина Жаслық, Каракалпақия және Кубла-Үстірт поселкалары тұрғындарының тікелей қолдауымен және олардың қатысуымен жүзеге асты. Авторлар Өзбекстанда ақбөкенге жалғасып келе жатқан заңсыз аулаудың себептерін суреттейді, көрермендерді бұл жануардың мекендейтін тамаша қоныстарымен таныстырады; оның биологиясының ерекшеліктеріне тоқталады. Табиғатты қорғау заңдылықтарына және шаруашылықты жүргізудің дәстүрлі әдістеріне сүйене отырып, құрып кету қаупі төнген дала антилопасын қорғалуды жақсарту жолдарын көрсетеді. Картина Өзбекстанда және Ресейде түсірілді. Төрт тілде: өзбек, қарақалпақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді.



Сурет А.Хурдовенкісі

Фильмнің директоры Галина Виноградова және оператор Александр Клепалов Астрахань облысында фильмді түсіру кезінде.

Авторлар осы фильмді түсіруге көмек көрсеткен барлық жұртшылыққа рахметін айтады.

Егерде фильмнің көшірмесін алғысы келгендер мына адреске хабарласу керек, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz) и [mail@saiga-conservation.com](mailto:mail@saiga-conservation.com).

## Прессалардан

### Ақбөкеннің орал популяциясын қорғау жөніндегі екіжақты келісім қол қою үшін дайындалуда

Ресей мен Қазақстан ақбөкеннің орал популяциясын қорғау, өсіру және пайдалану жөніндегі келісімге қол қояды жоспарлауда. Келісімнің проектісі дайындалған және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық министрлігі және Ресей Федерациясы табиғи ресурстар

Келісімде ақбөкендердің белгілі территориялардағы маусымдық қоныстарына баға беру, қоныс аудару бағыты және маршруттарының ұзындықтарын анықтау, жануарлардың санын анықтау әдістемесін жетілдіру және шекаралық аудандарда олардың қозғалыстарын бақылау сияқты бірлесіп істейтін жұмыстар жоспарланған. Сонымен бірге жақтастар сирек жануарларды қорғау саласында профилактикалық заңдарды жетілдіру саласында ұсыныстар дайындалды.

Толығырақ

<http://www.newsland.ru/news/detail/id/802756/>,  
<http://eco.ria.ru/nature/20111014/458980750.html>.

## Ырғыз-Торғай резерватының әкімшілік комплексі жұмысын бастады

2011 ж. қазан айында Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық министрлігі Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының жаңа әкімшілік комплексінің құрылысын аяқтады. 2007 жылы ұйымдастырылған Ырғыз-Торғай резерваты республикамыздағы бірінші мұндай мәртебесі (статусы) бар далалық ерекше қорғалатын табиғи аумақ (ООПТ) болып табылады. Ол Ақтөбе облысында орналасқан және 700 мың гектардан астам жерді алып жатыр. Резерват штатында 99 адам қызмет істейді. Резерватты ұйымдастырудағы негізгі мақсат – Қазақстан даласының символы болып табылатын ақбөкеннің бетпақдала популяциясын қорғау және сақтау.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2413477>.

## Қалмақияда ақбөкендерге санақ жүргізілді

2011 жылдың қазан айының 22-сінен 25-іне дейін ақбөкендерге Қалмақия Республикасы территориясында автомобильмен санақ жұмысы жүргізілді. Санақтың нәтижесінде, ақбөкендердің жалпы саны 12870 болды; бұл 2010 ж. санақ жұмысымен салыстырғанда, 2-4 мың жануарлардың артық екендігін көрсетті. Санақ жұмысын жүргізу үшін ведомстваралық комиссия құрылды. Санақ ВНИИОЗ-дың мәскеулік филиалы мен «Черные земли» қорығы дайындаған методикалық әдістеме негізінде жүргізілді.

Санақ басталғанға дейін қорықтың қызметкерлері республикада бүгінде ақбөкендердің қай жерлерде мекендейтіні туралы сұрау салып, мәліметтер жинады. Санақ жүргізілетін территорияда 10 паралель санақ маршруттардың солтүстіктен оңтүстікке қарай бір-бірінен арақашықтығы 5 шақырым, ұзындығы 40–65 шақырым болды. Әрбір санақшы кездескен ақбөкендер санын есепке алды, кездескен уақыты көрсетілді, спидометр бойынша осы кездегі километраж, мүмкіндігінше, жыныстық-жастық құрамы, объезд басталар алдындағы маршрутқа дейін байқалған ақбөкендер группаларына дейінгі қашықтық, маршрутқа дейін алдында және соңында байқалған ақбөкендер группаларына дейінгі қашықтық есепке алынады. Алынған мәліметтер одан кетін «Ақбөкен–расчет» программасы бойынша өңделіп, қортындыланды.

Санақ жұмысының қортындысына сүйеніп, комиссия бірқатар ұсыныстар мен жүзеге асыратын шаралар берді. Оның ішінде Қалмақия Республикасы табиғат ресурстары мен қоршаған ортаны қорғау министрлігіне ақбөкендерді қорғауды күшейту үшін екі жаңа регионалдық қорықша ұйымдастыру ұсынылды; оның бірі - «Черные земли» қорығы мен «Меклетинский» федеральдық қорықша аралығында, екіншісі – Артезиан поселкасы ауданында. Федеральдық Минприрода мен Қалмақия Республикасы Минприродасы бірлесіп, браконьерлермен күресетін отряд құру тапсырылды.


Толығырақ <http://savesteppe.org/ru/archives/7447>.

## Байқал кинофестивалында «Ақбөкен-2 туралы қисса» мультфильмі арнаулы сыйлық алды

2011 ж. 7-10 қазанында Иркутск қаласында (Ресей) документальды, ғылыми-көпшілік және оқулық «Адам және Табиғат» фильмдерінің Юбилейлік 10-шы Байқал халықаралық кинофестивалі өтті. «Балалар үшін таңдаулы анимальды фильм» номинациясында жеңімпаз деп «Ақбөкен-2 туралы қисса» мультфильмі танылды.

Мультфильм сондай-ақ фестивалдің бас партнері - «МегаФон» компаниясының арнаулы сыйлығын және Байқал-Ленский мемлекеттің табиғи қорығының дипломын алды. Мультфильмнің екінші сериясы мектеп шығармалары негізінде жасалған; оны балалар «ашық сценария» конкурсына жіберген.

Қазақстандық режиссер-аниматор Максұт Жарымбетовтың мультипликациясы ортаазия даласының бүгінгі тіршілігі туралы айтады. Филимнің Орталық персонажы – бұрынғы кезде бұл өлкеде көп болған ақбөкендер, кейіннен адамдардың кінәсінен жылдан жылға оның саны азайып барады. «Бастысы, бұл картинаны түсіруде тек қана профессионалды режиссерлер мен сценаристтер ғана қатысып қоймай, сондай-ақ балалардың да қатысуы. Бұл өте үлгі боларлық жылы және әсерлі тарих-келешек ұрпақ үшін үйрену сабағы» болып табылады деп атап айтты ОАО «МегаФОН»-ның Иркутскі регионалды бөлімшесінің директоры сыйлықты тапсырар кезде. Толығырақ [http://www.snews.ru/press\\_reliz.php?id=31481](http://www.snews.ru/press_reliz.php?id=31481).



Суреттегі Максұт

Максұт Жарымбетов марапаттау салтанатында.

## Қалмақияда ТНТ ақбөкендерді сақтау программасын қолдауды жалғастыруда



ТНТ Express компаниясының Ресейлік бөлімшесі 2003 жылдан Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығының ақбөкендерді өсіретін «Яшкөл» питомнигіне жәрдем көрсетуде (қара: Saiga News-3). 2011 ж. қазан айында кампания директоры Харро Ван Граафеландтың ұсынысымен жем, ГСМ, вольераны кеңейтуге, жөндеу жұмыстарына 300 мың сом мөлшерінде қаржы бөлінді. ТНТ-нің көмегі сондай қажет еді, өйткені күрделі қыс мерзімі де жақындап қалды; бұл кезде жануарларды күту, азықтандыру және қорғау жөнінде көп жұмыстар атқару қажет. Қазірде питомникте 76 ақбөкен ұсталады, оның 26-ы лактар, 2011 ж. көктемінде туған. Құрмет белгісі ретінде әрі көпжылдан бері қолдау көрсеткені үшін Харро Ван Граафеланд Қалмақия Үкіметінің құрмет грамотасымен марапатталды. Тольғырақ «Известия Калмыкии» газетінен оқуға болады, 22 қазан 2011 ж.

## Браконьерліктің жолын кесу оқиғасы және жасырын сауда

### Үстірт популяциясы

19 тамыз 2011 ж.

Ақтөбе облысы территориясында үш джип машинасы көрінді, бірақ олар жасырынып жоқ болды. Ол жерден мүйіздері кесіліп алынған атылған 4 ақбөкеннің өлекесі табылды. Факт УВД-да тіркелген, тергеу жүргізілуде.

*Тольғырақ*

<http://kt.kz/?lang=rus&uin=1133167994&chapter=1153543930>.

28 тамыз 2011 ж.

Өзбекстанның Ташкент облысындағы Гишт-Куприк кеденінде ересек ақбөкеннің жұп мүйізі және маралдың мүйізі конфисқиленді; оларды Өзбекстанның Фергана ойпатының тұрғыны көрші Қазақстаннан әкеле жатқан екен. Қазірде бұл іс туралы талдау жүргізілуде.

27 желтоқсан 2011 ж.

Өзбекстанның Госкомприродасының карасты арнаулы Амударья инспекциясының (САИ) Госинспекторлары Қарақалпақстан Республикасының Мойнақ ауданында ақбөкендерге браконьерлік жасағандарды ұстады. Аң аулау үшін браконьерлер 2 мотоциклді және УАЗ-469 автокөлігін пайдаланған. Заттық дәлел ретінде жас аналық ақбөкеннің тушасы алынды. Ұстаған кезде браконьерлер – Мойнақ тұрғындары қарсылық көрсетті. Бұл қылмыстық істің материалдары Аралдың табиғат қорғау прокуратурасына берілді, тергеу шаралары жүргізілуде. Автокөлік және екі мылтық алынып, Мойнақ ауданы РОВД-сына тапсырылды.

Сол күні Самарканд қ. вокзалында Өзбекстан азаматы ұсталды, ол 67 жұп ақбөкен мүйіздерін алып кетуге тырысқан. Жасырын жүкті көлік прокуратурасы ұстаған

және анықтау үшін жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау инспекциясына тапсырылған. Іс тергеу үшін Самаркандтың көлік прокуратурасына берілген.



Сурет Өзбекстанның Госбиоконтрольдік

Самаркандта конфисқиленген ақбөкен мүйіздері.

### Бетпақдала популяциясы

25 қыркүйек 2011 ж.

РОВД мен «Охотзоопром» қызметкерлері Ақтөбе облысының Бірғыз ауданында екі браконьерлерді ұстады. Ұсталғандардан екі пар ақбөкен мүйіздері мен аңшылық мылтығы табылды. Осыдан алыс емес жерден мүйіздері кесіліп алынған ақбөкеннің екі тушасы табылды. Бұл факті бойынша УК РК 288 статьясына «Заңсыз аңшылық» сәйкес қылмыстық іс қозғау мәселесі шешіліп жатыр және оған қандай шаралар қолдану мәселесі де шешілетін болады. *Тольғырақ*

<http://www.newskaz.ru/incidents/20110929/1950792.html>.

20 қазан 2011 ж.

Табиғат қорғау полициясының қызметкерлері рейдтер шараларының барысында заңсыз ақбөкендерді атып жүрген браконьерлерді ұстады. Олар Сырдария ауданы Тереңөзек поселкасының тұрғындары екен; полицей қызметкерлері оларда ақбөкеннің бес тушасын және патрондар бар екенін анықтады. УК РК 288 статьясы «Заңсыз аңшылық» сәйкес қылмыстық іс қозғау мәселесі шешіліп жатыр. *Тольғырақ*

[http://www.kazakh-zerno.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=46398:2011-10-20-05-13-10&catid=14&Itemid=80](http://www.kazakh-zerno.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=46398:2011-10-20-05-13-10&catid=14&Itemid=80).

17 қараша 2011 ж.

Қазақстанның Қызылорда облысында браконьерліктің кезекті фактісі анықталды. Табиғат қорғау полициясының қызметкерлері «Охотзоопром» инспекторларымен бірлесіп, Қызылорда мен Қарағанды облыстарының шекарасынан 31 және 38 жастағы Қарағанды облысының тұрғындарын қолға түстірді. Олар ақбөкенді заңсыз аулап жүрген. Олардың автокөлігінен ақбөкеннің тушасы мен патронымен аңшылық мылтығы табылған. Браконьерлерге қарсы қылмыстық іс қозғалған; «Заңсыз аңшылық» УК РК 288 статьясына сәйкес. *Тольғырақ*, <http://today.kz/ru/news/incident/2011-11-17/54344>.

29 желтоқсан 2011 ж.

Ақтөбе облысы Үрімжі РОВД қызметкерлері екі браконьерді ұстады; олар Үрімжі ауданының Бестөбе деген жерде ақбөкендерге аңшылық жасап жүрген Қызылорда облысы Сексеуіл станциясының тұрғындары екен. «Тойота Ланд Крузер» автокөлігінің салонынан полицейлер тіркелмеген екі стволды аңшылық мылтығын алды. Сонымен бірге браконьерлердің жүрген жолынан мүйіздері кесіліп алынған 5 ақбөкендердің тушасы табылды. Бұл факті бойынша Үрімжі РОВД-сы УК РК 288 статьясына сәйкес қылмыстық іс қозғады. «Заңсыз аңшылық».

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2429757>.

6 қаңтар 2011 ж.

Табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері «Охотзоопром» инспекторларымен бірлесіп, рейдтер шаралары төңірегінде Қызылордадан 120 шақырым жерде «Тойота Ланд Крузер» автокөлігін ұстады. Көліктің багажнігінде атып алған ақбөкеннің үш тушасы, көліктің салонында аңшылық мылтық және патрондар табылды. Ақбөкендерге заңсыз аңшылық жасағандардың төртеуі Қызылорда тұрғындары, ал біреуі Шиелі ауданының тұрғыны болып шықты. Қызылорда облысының ДВД тексеру басқармасы УК РК 288 статьясына сәйкес («Заңсыз аңшылық») қылмыстық іс қозғады.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2431127>.

2011 ж. аяғы- 2012 ж. басы

Қазақстанның Қызылорда облысында екі операция кезінде бұрынғы бес полицейлер ақбөкендерге аңшылық жасаған кезінде қолға түсті. 2011 ж. 30 желтоқсанында Қазақстанның Қызылорда облысының Қармақшы ауданының даласында табиғат қорғау полицейлері екі сезікті автокөлікті тоқтаты. Оларда үш азамат болды, оның біреуі Жалағаш РОВД-сі бастығының бұрынғы орынбасары болды. Автокөлікті тексерген кезде онда атылып алынған 26 ақбөкен тушасы бар екендігі анықталды. 2012 ж. 14 қаңтарында Сырдария РОВД-нің қызметкерлері Құмкөл кенорынында автокөлікті ұстады; оның багажнігінде ақбөкеннің 32 тушалары көзге түскен. Машинада Қызылорданың екі азаматы болған; біреуі ОВД-ден 2006 ж., ал екіншісі – 2010 ж. жұмыстан босатылған. Бұл фактілер жөнінен қылмыстық іс қозғалған.

Толығырақ <http://www.caravan.kz/article/40313>,  
<http://inform.kz/rus/article/2434028>.

## **Ресей-Қазақ шекарасы**

Қараша-желтоқсан 2011 ж.

2011 ж. аяғында біржетінің ішінде Атырау полицейлері мен шекарашылары үш рет Ресейден Қазақстан территориясына контрабандылық жолмен әкеле жатқан ақбөкен мүйіздерін ұстады. Қазақстандық тексерушілер ақбөкен мүйіздерін контрабандылық жолмен әкеле жатқан фактілерді өздерінің ресейлік коллегаларымен бірлесіп тексеруді жоспарлап отыр, өйткені мүйіздердің шығуын тексеру маңызды ғой. Қылмыстық топ Астрахань облысының территориясында да жұмыс істеуі де ғажап емес қой.

28 қарашада Қазақстанның Құрманғазы ауданындағы «Шеп» бақылау-өткізу пунктінде полиция қызметкерлері Астрахань тұрғыны басқарған ресей номерімен «Тойота» автомашинасы тоқтатты; ол 93 -

ақбөкеннің мүйізі бар сумканы алып шыққысы келген. Мүйізі бар сумка, машина айдаушының сөзіне қарағанда, автокөліктегі Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғыны – пассажирдікі екен..

30 қарашада шекарашылар және Құрманғазы РОВД-нің қызметкерлері Байда селосының маңында мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде «ВАЗ-21012» автомашинасын тоқтатты. Пассажир – Оңтүстік – Қазақстан облысының 51-жастағы тұрғыны ақбөкеннің 177 мүйізін алып шықпақ болған.

Ақбөкен мүйіздерін контрабандылық жолмен әкетпек тағы да бір факт – 1-ші желтоқсанда 2011 ж. «Шеп» бақылау – өткізу пунктінде тіркелген. Полиция қызметкерлері рудде Астрахань облысының тұрғыны отырған автокөлікті тоқтатқан. Машинада полицейлер 46 ақбөкен мүйізі бар сумканы тапқан, ол республикамыздың оңтүстігінде тұратын 20 жастағы қазақстандық азаматқа тән екен. Алынған заттарға протокол толтырудан қашқақтаған бұл азамат полицейға 5000 тенге және 1000 сом мөлшерінде пара бермек болған. Бұл факті бойынша УК РК 183 статьясына сәйкес қылмыстық іс қозғалған. Бұдан басқа «Контрабанда» статиясы бойынша да қылмыстық іс қозғау мәселесі шешіліп жатыр. Ұсталғанның соңғысына пара беруге ұмтылғаны туралы да айып тағылуы мүмкін.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2423696>,  
<http://www.volgograd.kp.ru/online/news/1029132/>,  
<http://caspienews.kz/?p=8476> и др.

## **Қытай**

1 қазан 2011 ж.

Маньчжур кеденінің қызметкерлері Ресейден ақбөкеннің алты мүйізін заңсыз жолмен алып кетуге тырысқан Қытайдың азаматын ұстады. Инспекциондық – тексеру комплексінде кеден қызметкері қытай азаматының жүгін қараған кезде, оның чемоданында конус формасында күдікті заттар бар екендігі анықталды. Қазірде іс Маньчжур кеденінің контрабандымен күресу басқармасында қаралып жатыр.

Толығырақ <http://www.chita.ru/news/33468/> и  
[http://legal.gmw.cn/2011-10/01/content\\_2728912.htm](http://legal.gmw.cn/2011-10/01/content_2728912.htm).



Атылып алғынған ақбөкеннің тушасы. Қызылорда облысы, Қазақстан (сол жақта).

«Ескі ақбөкен мүйіздерін сатып аламын» - осы сияқты хабарландыру 2011 ж. жазында Ақтау қаласының (оң жақта) көшелерінде табылған.

## Моңғолияда қоныс аударатын құрлықтағы сүтқоректілерге инфрақұрылымның әсерін талдау

Лхагвасурен Б., Чимеддорж Б., Санджмьятав Д.

WWF-Моңғолия, [lkhagvasuren@wwf.panda.org](mailto:lkhagvasuren@wwf.panda.org), [chimeddorj@wwf.panda.org](mailto:chimeddorj@wwf.panda.org)


Планетада көптеген жануарлардың тек жылдың белгілі уақытында ауа райының маусымдық өзгеруіне немесе азық қорына байланысты мекендейтін қоныстары болады. Үлкен қашықтыққа қоныс аударатын жануарлардың биологиялық циклі қоныстарының өзгеруіне сондай сезімтал және олардың қоныс аударатын жолдарына адам жасаған кедергілерге де (барьер) сезімтал келеді. Мәселен, темір жол, автотрассалар және газпроводтары сияқты ұзын қашықтағы құрылымдар жабайы жануарлардың қозғалыстары мен олардың тіршілігіне үлкен әсерін тигізеді. Қоныс аудару жолындағы барьерлер (кедергілер) қоныс аударатын жануарларды сақтаудағы негізгі проблема болып табылатындығын Қоныс аударатын түрлерді сақтау конвенциясы (CMS) атап көрсетті. Орта Азияда, оның ішінде Моңғолияда, соңғы жылдары жоспарланған және іске асырып жатқан ірі инфрақұрылымдардың саны өсуде (темір жолдар салу, қазба байлықты игеру вышкалары, газопроводтар, шекаралық қоршау, автожолдар және т.б.).

Жоспарланып жатқан және салынып жатқан инфрақұрылымдар проекттерінің өте көп екенін ескере отырып (мысалы, проект Millennium Моңғолия үкіметінің жол құрылыстарын салу, жолдарды жақсарту туралы Азия даму банкісінің проектсі және басқалар), олардың қоныс аударатын жануарларға тигізетін әсерлерін жан-жақты тексеріп, бағасын беру керек. Сонымен бірге бұл мәліметтерді саяси процестерге қосып қарау керек, өйткені жануарлардың мекендейтін қоныстары мен қоныс аударатын жолдарын біртұтас болуын ескеру қажет.

ЮНЕП/CMS WWF-Моңғолиямен бірлесіп, Моңғолия мысалында осы елде линейный инфраструктураның қоныс аударатын сүтқоректілерге тигізетін әсерлеріне бағалау жасаған. Моңғолияда қазіргі инфрақұрылымдардың дамуының әсерлерін анықтауды тез-ақ талдау күн тәртібінде тұр. Өйткені, инфрақұрылымдардың элементтері қоныс аударатын жануарлардың мекендейтін жерлерін және қоныс аударатын жолдарын қамтиды ғой. Әсіресе, CMS-тің қосымшасына енген тұяқты жануарлар - қаракұйрық (*Gazella subgutturosa*), дзерен (*Procapra gutturosa*), құлан (*Equus hemionus*) және моңғол ақбөкені (*Saiga borealis*) бар. Мұндай бағалаудың мақсаты – бұл жануарлар түрлеріне аталған әсерлерді төмендету үшін ұсыныстар мен белгілі шараларды жүзеге асыру.


Жоспарланып отырған автомобиль және теміржолдар бұл жануарлар түрлері үшін өте маңызды мекендейтін жерлерді кесіп өтеді; егерде жеңілдететін шаралар қолданбасақ, олар қоныс аударатын жолдардың негізгі барьерлері болып табылады. 2025 ж. жоспарланған темір жолды салып бітірген соң, моңғол дзерені популяциясы бір-бірінен теміржол қоршаулар арқылы бөлінген тоғыз бөлімге бөлінеді, сол кезде құлан мен қаракұйрық популяциялары да соған сәйкес бес және жеті бөлімге бөлінеді. Моңғол ақбөкенінің популяциясы жеке екі популяцияға бөлініп кетеді.

Жолдардағы тынымсыз қозғалыстар және ұзаққа созылған қоршаулар ірі жабайы шөппен қоректенетін жануарлардың маңызды ресурстарына жетулеріне қиындық жасайды немесе олардың баратын жерлеріне



Сурет 1.

Моңғолияда стратегиялық маңызды өндірістік жерлердің орналасуы



Сурет 2. Моңғолияда қоныс аударатын тұяқты жануарлардың мекендейтін жерлері арқылы өтетін қазіргі жұмыс істеп тұрған және жоспарланған темір жолдар; олар популяцияларды бір-бірінен шағын группировкаларға бөледі

жету үшін үлкен қашықтықты айналып өтуге мәжбүр етеді. Қоныс аудару жолындағы кедергілер және мекендейтін жерлердегі кедергілер ірі жабайы шөппен қоректенетін жануарлардың құрғақшылық жылдары мен қатаң қыстан қолайлы жерлерге қоныс аудару арқылы аман шығу қасиеттерін төмендетеді. Мұндай мүмкіндіктің болмауы түрлер арасындағы және түр ішіндегі конкуренцияның күшеюіне әкеп соғады. Бұл жануарлар күйінің нашарлауына, өлім-жітімнің көп болуына және жаман қалпына келуіне әкеп соқтырады.

### **Әрекеттерді төмендетуге арналған шаралар мен ұсыныстар**

Моңғолияда темір жол инфрақұрылымдарын салудың дзерең, қарақұйрық және құландарға үлкен әсер еткенін зерттеулер көрсетті. Қазірде моңғол ақбөкенінің популяциясы темір жол коммуникациясын салудан зардап шеккен жоқ, бірақ жолдар салу және темір жолдар салу 2025 жылға дейін жоспарда тұр. Моңғолияда пайдалы қазбаларды өндіруге қатысатын үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға, ұлттық және халықаралық құрылымдарға құрылыстар салуда табиғат қорғау проблемасын естен шығармау керектігі ұсынылды және проекттерді жүзеге асыру кезінде Моңғолияның қазіргі тарихында кездескен қателіктер

Сурет В. Курьяновтікі



Сымды қоршауда қалған дзерең.

мен даму процесіндегі жаман басқару жұмыстары есте болуы қажет.

Регионда жан-жақты бағалау жүргізу қажет, биоәртүрліліктің мониторингісінің ұзақ мерзімді программасын жасап, енгізу керек. Қоршаған ортаға әсерлерін бағалау кезкелген даму проекттері үшін негізгі бағыт болуы керек; ол: жабайы жануарлардың қозғалыстарын (перемещения), нағыз маңызды қиын-қыстау қоныстарды және тіршілікті сақталып қалатын мекендерді анықтау. Потенциальды жағымсыз әсерлерді жеңілдету үшін биоәртүрлілікке зиян келтірген кедергілердің орнын толтыру схемасын жасау қажет.

Келтірілген залалдарды жеңілдету құралын жасауда керек; мысалы, жануарлардың қоныс аударатын басты участкелерінде жерасты және жерүсті өткелдерін салу сияқты. Егерде қоршау қажет болса, темір бойында жануарлардың темір жолды көбірек кесіп өтетін жерлерінде жануарлар өтетін өткелдер салуда қажет; адамдар мен үй малдары көп шоғырланған жерлерді қоршау әрине керек. Егерде қоршау орнатылған болса, онда қоршаудың төменгі және жоғарғы жағында тікен сымдарды тартудың қажеті жоқ.

Осы мақаланы дайындауға қажет болған толық есеп мына сайтта:

[http://www.cms.int/bodies/ScC/17th\\_scientific\\_council/Inf\\_23\\_Migration\\_Barriers\\_WWF\\_Mongolia\\_E.pdf](http://www.cms.int/bodies/ScC/17th_scientific_council/Inf_23_Migration_Barriers_WWF_Mongolia_E.pdf)

**Редакциядан:** Уилсон, Ридердің (Wilson and Reeder, 2005) сипаттауы бойынша CMS-тің II қосымшасы мен СИТЕС-де ақбөкеннің таксономикалық статусы айқындалған. Қазірде арнаулы документтерде екі түр көрсетілген: *S.t.tatarica* түршінің орнына *Saiga tatarica* және *S.t.mongolica* түршінің орнына *Saiga borealis*. Бірақ, бұл мәселе анықтау қажет етеді. Біз бұл тақырыпты *Saiga News*-тің келесі нөмерінде талқылауды жоспарлап отырмыз.

## **Үй малдары мен ақбөкен арасындағы қоректену ерекшеліктері және азықтық конкуренция**

Бувейбатар Б., Гунбат Г., Фуллер Т.К.

Автор-корресподнент: Баярбатар Бувейбатар, қоршаған ортаны қорғау Департаменті, Массачусетс университеті, Амхерст, США; жабайы табиғатты қорғау қоғамы, Моңғолия программасы, Улан-Батор, Моңғолия, [bbayarba@esa.umass.edu](mailto:bbayarba@esa.umass.edu)

Бүкіл дүние жүзінде үй малдарының экосистемаға тигізетін әсерлерінің салдарына (нәтижелері) абыржығандық өсуде; өйткені азық конкуренциясына және суға байланысты жабайы тұяқты жануарлардың популяцияларына жағымсыз әсерлерін тигізуде. Бұл, әсіресе, Моңғолияда байқалады, онда жер көп уақытқа дейін мал жайылымы үшін пайдаланды, бірақ сонымен бірге ол жерлер дзерең (*Procapra gutturosa*), құлан (*Equus hemionus*), арқар (*Ovis ammon*) және моңғол ақбөкен (*Saiga borealis*) сияқты жабайы тұяқты аңдардың да қонысы болады. Саны 5000-7000 ақбөкен популяциясы Гоби шөлінің батысында мекендейді. Жақсы қорғаудың арқасында, ақбөкендер қауіпсіз


пайдалану (перевыпас) Моңғолияда өте қауіпті. 1990 жылдары малдарды жекелендіргеннен кейін, олардың саны тез өсті, қазірде үй малдары мен ақбөкеннің биомассаларының қатынасы зерттелген ауданда шамамен 50:1 болды. Жақын арадағы мал басының өсуі азықтары үшін немесе осы азықтар үшін конкуренция ақбөкеннің тұрақты тіршілік ету қабілетін, мекендейтін жерлерін-потенциальды төмендетіп жіберді. Өйткені, мал шаруашылығы Моңғолияда экономиканың басты салаларының бірі болып табылады; экосистемаға, оның ішінде ақбөкенге де жағымсыз жағдайлардың азайту үшін үй малдарын тиімді басқару жолымен жайылымдарды тұрақты пайдалануды реттеу қажет. Бұл азықтық участкелер мен азықтық

конкуренция ақбөкен мен үй малдары арасындағы бірінші зерттеу. Біз ақбөкен мен үй малдарының азық үшін қоректік конкуренциясы проблемасын Батыс Моңғолияда орналасқан Шарға резерватында зерттедік (сур. 1). Ақбөкен мен үй малдарының (ешкі, қой, жылқы және түйе) жас қиларынан алынған үлгілерден (қалдықтардан) өсімдіктер қалдықтарының құрамына анализ жасалды. Өсімдіктер түрлерін анықтауды жеңілдету үшін азықтық өсімдіктер жапырақтарынан үлгілер дайындалды. Қиларға (фекалий) анализ цифрлық микроскоптың көмегімен жасалды. Өсімдіктер құрамындағы жабу (перекрытия) дәрежесі Пианки жабу индексы (ИП) көмегімен саналды. Ноль (0) – перекрытияның жоқтығын көрсетеді, ал бір цифры (1) – толық перекрытияның болған көрсетеді.

2010 ж. жазында 35 аналықтан 36 жаңа туған лақтары (жастары 1-ден 3-күнге дейін) ауланып, оларға VHF радиокабылғыштармен жабдықталған салмағы 70 грамдай болатын болатын эластикалық ошейниктер кигізілген. Сол арқылы олардың өмір сүруі, қозғалыстары және мекендейтін жерлерін таңдау мәселелерін зерттеу болатын (сур. 2). Жануарлармен жұмыс істеу методтары Массачусетс Университеті жанындағы жануарлармен қарым-қатынас және оларды пайдалану комитеті мақұлдаған (Амхерст қ.) радиоошейниктермен жабдықталған ақбөкен лақтарына мониторинг жүргізу телеметрия әдісі арқылы жетісіне 3-4 рет жүргізілді. 2010 жылдың 10-шы маусымынан 20-шы тамызға дейін мекендейтін жерін таңдауды зерттеу мақсатымен Шарға табиғи резерваты территориясынан 105 участок бөлініп алынды (сур. 1). Әрбір алаң көлемі 1 м<sup>2</sup> болатын 5 квадратқа бөлінді, оларда өсімдіктер зерттелді. Алаңдарда кездескен өсімдіктердің әрбір түрі үшін кездесу жиілігі және кездесу проценті саналды.

Барлығы өсімдіктердің 25 түрі анықталды, олардың ішінде 5 түрі бұталар, 6 түрі шөптесін өсімдіктер және 14 түрі әртүрлі өсімдіктер. Жуалар (*Allium polyrrhizum* және *A. mongolicum*) жиі кездесті (525 алаңның 432-інде). Бес өте кең тараған түрлерден (>40%) үшеуі әртүрлі шөптерге (*Anabasis brevifolia*, *Allium polyrrhizum* және *A. mongolicum*), бір түрі – шөптесін өсімдіктерге (*Stipa gobica*) және бір түр - бұтаға (*Artemisia sp.*) жатты.

Түйелердің қиларының құрамы басқа тұяқтылардікіне қарағанда айырмашылығы болды (табл.1). Түйелер негізінен бұталы өсімдіктермен қоректенеді. Олар оның азық рационьында 49% болды, ал ақбөкеннің, ешкінің



Сурет 1. Зерттелген ауданның картасы және Батыс Моңғолияда өсімдіктердің үлгілерін жинаған топталар.

Таблица 1. Батыс Моңғолияда Пианкидің жабылу индексы.

Түр	ақбөкен	қой	ешкі	жылқы	түйе
ақбөкен	--				
қой	0.96	--			
ешкі	0.95	0.98	--		
жылқы	0.88	0.92	0.96	--	
түйе	0.73	0.78	0.71	0.78	--

және қойлардың қиында луктардың проценті жоғары болды, басқа өсімдіктердің процентіне қарағана (19-27%). Жылқының қиында бетеге (*Stipa gobica*) - (32%). *Anabasis brevifolia* кездесу жөнінен үшінші болса, *Allium spp.* және *Stipa gobicalардан* кейін; ол тек ақбөкен мен түйелердің қиларында ғана – сәйкес 10 және 12% қана табылған. Шаргин Гобиде (Гоби-Алтай аймағы) моңғол ақбөкенінің қоректенетін участкелері ИП = 0.96 және ешкілерінікі ИП = 0.95 бірақ жылқылар ИП = 0.88 және түйелердің (ИП = 0.73) қоректік участкелерінен айырмашылығы болды (табл. 1).

Азықтық базасында аздаған жабу (перекрытие) ешкілер мен түйелерде (ИП= 0.71) болды, ал ең үлкен ИП ешкілер мен қойлардың (ИП = 0.98) арасында болды (табл. 1).

Зерттеулер нәтижелері мынаны көрсетті, ақбөкендер мына сияқты жоғары саналы өсімдіктермен, мысалы,



Батыс Моңғолияда жайылып жатқан ақбөкендер тобы.

*Allium spp.* және *Anabasis brevifolia* сияқты, қоректенуді ұнатады; бірақ өсімдіктердің жетерлігі және олардың әртүрлілігі зерттелген территорияда елдің басқа бөлімдеріндегімен салыстырғанда онша емес. Одан әрі, моңғол ақбөкендерінің қоректенетін участкелерінің ерекшеліктері қой мен ешкілердікі сияқты болды, бірақ жылқы мен түйелердің ерекшеліктерінен өзгеше болды; бұл ақбөкендер мен бірқатар үй малдары арасындағы азықтық конкуренция белгілі шектеулі кезеңде, олар жеткілікті болғанда өте жоғары. Орта Гоби және Шығыс-Гоби аймақтарында дзерен мен арқардың осындай қоректенуін зерттеу жабайы жануарлар мен үй малдары арасында, мысалы, ешкі мен қойларда, потенциалды конкурентік қарым-қатынас бар екендігін көрсетті. Сондықтанда, жайылымдарды басқару мен жойылып кету қаупінде тұрған ақбөкенді сақтау тұрғысынан қарағанда, күз айларында ақбөкендердің негізгі мекендейтін қоныстарында ешкілер мен қойларды бақпаған орынды болады. Бұл конкуренцияны едәуір төмендетеді және ақбөкендердің суық қыстарды азық ресурстарының жеткілігінен жақсы қыстап шығуға мүмкіндік жасайды.

Сурет Г.Гунбаттыкі



Ақбөкендер мекендеген жерлерде өсімдіктерді зерттеу.

**Редакциядан:** Г.Гунбаттың зерттеулері SCA-ның кіші гранттар программасы бойынша қаржыландыру нәтижесінде орындалды, ал Бувейбатараның жұмысы – WCN стипендиясы көмегімен жүзеге асты..

## Ақбөкеннің қоныс аударуын одан әрі зерттеудің келешегі

Кевена С.Н.

Лондонның Империял колледжі, [samuel.cavenagh08@imperial.ac.uk](mailto:samuel.cavenagh08@imperial.ac.uk)

Қазірде жануарлардың қоныс аударуын зерттеу өзгеру стадиясында, сондықтанда оның ақбөкеннің қоныс аударуына да қатысы бар. Соңғы технологиялық жетілдіру, мәселен, спутниктік ошейниктер, жануардың қай жерде екенін анықтайтын – GPS-пен жабдықтау ғалымдарға жеке особьтардың миграциясын одан әрі тереңдете зерттеуге мүмкіндік берді, жануарлардың үлкен группасын емес. Мысалы, бұрын ақбөкендердің орын ауыстыру себептерін зерттеу әртүрлі территорияларда ақбөкеннің үлкен группалары мен өсімдіктердің жоғарғы немесе төменгі өнімділігі арасындағы байланыстарын іздеуге негізделген еді. Ақбөкендерді спутникалық ошейниктермен және GPS-пен қамтамасыз еткеннен бері (кара: *Saiga News-10, 12*) жеке жануарлармен жұмыс істеуге мүмкіндік туды; бұл миграция жолын дәл анықтауға жол ашады; зерттеу арқылы неге бұл жануарлар осы жолды немесе басқа маршрутты таңдап алғанын білуге болады.

Қоныс аударуды зерттеуде қазірде әртүрлі дисциплинаны біріктіретін интегралдау тәсілдері пайдаланылады. Қазірде зерттеу мынадай факторларды ескереді: генетика, организмдегі процестер және сыртқы факторлар, олардың бір-бірімен байланысы, әсіресе, олар жануарлардың маршрутты таңдап алуына әсер етеді.



Сурет 1.

Организмнің орын ауыстырушылығын зерттеу схемасы; Натаном (Nathan et al 2008) ұсынған. Ішкі жағдайы (ауысу себебі), навигация бейімделігі (ауысу бағыты), ауысуға бейімделігі (ауысудың характері) және организмнің орын ауыстыру маршруттына әсер ететін сыртқы факторлар және олардың бір-бірімен байланыстары.




Натанның (Nathan *et al.* 2008) дайындаған схемасында миграцияны зерттеудің жаңа дисциплинааралық концепциясы көрсетілген (сур. 1).

Бұл жаңа концепцияға сәйкес, миграцияны зерттеу үшін жануарлардың қай жерде қоныстанғаны туралы мәліметтерді білу ғана жеткіліксіз, сонымен бірге оның мінез-құлқы, физикалық параметрлері (денесінің массасы туралы сияқтылар), өзгермелі мөлшерлері және көптеген басқа факторлар, мәліметтер қажет. Бұл методика «төменнен жоғары қарай» мынадай әдісті ұстайды: миграция маршрутын таңдау жануардың өзіне байланысты факторлармен анықталады, мысалы, олардың қоршаған ортаны қабылдауы.

Үш шкала бар, олардың төңірегінде уақыт пен кеңістіктің өсу мөлшеріне қарай жануардың мекендерінде ауысу қозғалысын сипаттауға болады: бұл ауысу барлық өмірлік цикл кезінде, оның жеке фазысы уақытында және ауысу қадамдар арқылы (сур. 2). Қадам (шаг) – бұл GPS арқылы тікелей алынған жануардың қай жерде екені туралы мәліметтерді көрсететін екі жүйелік (последовательные единицы): бұл өте дәл мәліметтер болып табылады; оның негізінде ауысу қозғалысына анализ жасауға болады. Ауысу фазасы бірқатар шагтардан тұрады, олар белгілі мақсатқа жетуді көздеген мінез-құлықтың кейбір типі болуы мүмкін (мысалы, жыртқыштардан қорғану немесе жайылымға дейін жету). Ауысу қозғалысының фазасы туралы ұғымды қолдану жеке особтарға дәстүрлі бақылау методтарының бақылаудың жаңа методтарымен байланыстарын білу үшін қажет. Мұндай анализдың жаңа методы, «сеттің квадраттарындағы ауысу» методы (NSD) ретінде, әртүрлі қашықтықты, уақытты және қозғалыстың ұзақтығын зерттеу арқылы ауысудың әртүрлі фазасын анықтау үшін қолдануға болады.

Қоныс аударудың жаңа методикасы ақбөкенді зерттеуге көптеген мүмкіндіктер ашады. Мысалы, ақбөкеннің жеке особтары қандай дәрежеде қоныс аудару мінез – құлқын өзгерте алады? Бұл сұрақтың жауабы ақбөкеннің ауа райына және қоршаған ортаның басқа да өзгерістеріне бейімделу қасиеттерін зерттеу үшін үлкен маңызы бар; және оларды қорғау шараларын жоспарлағанда да пайдалануға болады. Жеке особтардың өздерінің ауысуын қоршаған орта жағдайының өзгерістеріне бейімдеуі көп жағдайда миграция механизміне байланысты болады. Мысалы, жануар өзінің танымына сүйенеме (мысалы, генетикалық), немесе қоршаған ортаның сигналын тікелей сезінеме және қандай жолмен қоныс аудару керектігін шешеді? Ақбөкендерде қоныс аудару қабілеті генетикалық дәрежеде дамыған (заложены). Қолда өсірілген лақтарда миграцияға дайын екендігін көрсетеді. Бірақ қоныс аудару бағыты генетикалық дәрежеде оларда бар ма, ол жағы белгісіз. Спутникалық ошейниктерді пайдалану арқылы бірнеше жыл қатарынан жеке ақбөкендердің қоныс аудару маршруттарын зерттеу бұл сұраққа жасап береді. Егерде ақбөкендер бірнеше жыл бойы қатарынан әртүрлі миграциондық маршруттарды пайдаланса, онда миграция бағытын бақылауда генетиканың немесе танымдық ролі шамалы деп болжауға болады. Мұның орнына мынадай қортынды жасауға болады: ақбөкендер қоныс аудару жолын таңдау үшін қоршаған ортаның сигналын пайдаланады.



Сурет 2.

Ақбөкеннің жеке особтары қозғалыстарының гипотетикалық (жорамалданған) жылдық маршруттары (1. бірінші жылдағы маршрут; 2. екінші жыл бойындағы маршрут; 3. үшінші жылдағы маршрут). Суреттің ортасында қозғалыс фазасы көрсетілген (көректену фазасы). Суреттің жоғарғы жағында қозғалыс фазасы кезінде қозғалыстың дәл шкаласы көрсетілген (қозғалыс қадамы). F – көректену фазасы, M – миграция фазасы, C – көбею (лақтау) фазасы.

Қазірде ақбөкеннің әртүрлі особтарында қоныс аудару характерінің өзгеру дәрежесі белгісіз. Жынысы, жасы және үстемдігі басқа түрлердің қозғалу характеріне әсер етеді, мысалы, бұларда. NSD методтың көмегімен талдау жасаған GPS мәліметтерін ақбөкен популяциясындағы осындай вариацияны зерттеуге пайдалануға болады. Мұндай анализді жасау қорғау үшін маңызды, өйткені тек популяция дәрежесінде ғана қаралған ауысу ерекшеліктері тек қорғалатын территориядан тыс белгілі группалар (мысалы, еркектері) пайдаланатын участокті көрсетуі мүмкін.

Индивидуальдық ерекшеліктерді ескере отырып, ауысу қозғалысының моделін жасау ауа райының жағдайына және қоршаған ортаның басқа да өзгерістерге байланысты ақбөкеннің қоныс аудару характерінің дәлме-дәл моделін алу үшін пайдалануға болады. Анализде, осы сияқты, экологиялық прогноздар пайдаланатын болады (МГЭИК беретін – Үкіметаралық группа эксперттың өзгеруі туралы сияқты) Жеке особтарының қозғалу моделі келешекте қоршаған ортаны қорғауды жоспарлағанда және алынған нәтижелер негізінде территориялық қорғауда пайдалануға болады.

# Өзбекстанда ақбөкенге мониторинг жүргізудің потенциалдық методтарын бағалау

Оффорд С.

Лондонның Империял колледжі, [suzanne.offord10@imperial.ac.uk](mailto:suzanne.offord10@imperial.ac.uk)

CMS-тің ақбөкенді сақтау жөніндегі ортамерзімдік халықаралық программасының приоритеті Үстірт қыратында ақбөкендердің маусымдық таралуы туралы негізгі мәліметтерді алу болып табылады. Бірақ соңғы жылдары Өзбекстанда бірқатар себептерден ақбөкенді мониторинглік бақылау біраз шектеулі болды. Мониторинг жүргізу қымбатқа тұратын шара болғандықтан, оны өткізу өте тиімді және дәл методпен жүргізуді қамтанасыз ету өте қажет. Бірақ қандай методтың тиімді екенін білу үшін оны алдын-ала сынамай айту қиын. 2011 ж. маусымында мен өзбек партнерлермен бірлесіп мониторингтің потенциалды методтарын бағалау жұмысын орындадым; оларды алдын-ала сынау методына қаржы бөлінбей тұрғанға дейін ақбөкендерді бақылау үшін қолдануға болады. Мен дүние жүзінде тұяқты жануарларға қолданылатын мониторинг методтарын зерттедім; және ол

методтардың (қазіргісі, сондай-ақ бұрынғы кезде қолданғандары бар) ішінде ақбөкен популяциясын бақылау үшін қолданғандарында зерттедім. Сондай-ақ жергілікті ресурстар, жағдайлар, шектеулі және потенциалды зерттеушілер туралы да материалдар жиналды. Одан әрі әрбір методтың қаншаға тұратындығы мен алынған мәліметтердің дәлдігі бағаланды.

Зерттеуде мыналар көрсетілді:

1. Дәл табу мониторинг мәліметтерінің дәлдігіне әсер етеді. Дистанциондық талдау (выборка) әдісі тым дәл нәтижелер береді;
2. Автомобилдер мен мотоциклдер ең рентабельді және қолайлы көліктердің түрлері болып саналды;
3. Әсіресе, дәлме-дәл нәтижені ақбөкендердің санақ жұмысы береді, олардың іздері мен тіршіліктерінің іздері емес;
4. Мониторинг программасында бақылаушылардың ақысы, жалпы шығындардың ең үлкен статьясы болып табылды; ол методтардың кезкелгенін қолдану тиімділігіне әсер етеді.

Зерттеулерде тым рентабельді және дәл методты қолдану ұсынылады; зерттеулер жүргізіп жүрген жергілікті ғалымдар мотоциклдерді пайдаланып, ақбөкенге мониторинг жүргізуде дистанциондық методты қолданғаны дұрыс. Қазірде Өзбекстанда Уитли фондысы премиясы қаржыландыратын пилотный проект жұмысы істеуде; оның нәтижесін біз 2012 жылы көруге тиіспіз. *Толық есеппен танысқыңыз келсе, менімен, Елена Быковамен ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)) немесе Э.Дж. Милнер-Гулландпен ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)) хабарласыңыз.*



Сурет В. Есиповікі

Сьюзен Оффорд және SCA командасы қойшы ауылында, Үстірт, маусым 2011 ж.

## Жаппай қырылудан кейін ақбөкеннің орал популяциясын сақтау процесіне жұртшылықты қатыстыру

Сэмюэль К., Климанова О., Уримбаев М., Милнер-Гулланд Э.Дж.

Автор-корреспондент: Карлин Сэмюэль, Империял колледжі Лондон, [carlynsamuel@o2.co.uk](mailto:carlynsamuel@o2.co.uk)

Ақбөкенді сақтау Альянсының «Жаппай қырылудан кейін ақбөкеннің орал популяциясын сақтау процесіне жұртшылықты қатыстыру» проектісі «Save our species», People's Trust for Endangered Species және Disney Wildlife Conservation Fund программаларының қаржылай көмегімен 2010 ж. тамыз айынан бастап жұмыс істеуде. Проект 2010 ж. мамыр айында Оралда ақбөкендердің жаппай қырылуына жауап ретінде жасалған еді (қара: *Saiga News-11* және Р.Коктің мақаласы осы номерде) және SCA-ның жергілікті партнеры – Қазақстанда биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясының (АСБК) басшылығымен орындалып жатыр; оған Лондонның Империял колледжі қатысуда.

Проект қызметі-табиғат қорғаудың білімдік кампаниясын өткізу; ол ақбөкен мекендейтін ауданда орналасқан жеті негізгі поселкаларда тұратын ересек адамдар мен балалар арасында өтеді. Кампания алдындағы негізгі міндет – адамдардың ақбөкен туралы білімін тереңдету және аңның орал популяциясы, браконьерлік және олардың ауруларына байланысты

проблемаларды халыққа түсіндіру. Жалпы мақсат-жұртшылықтың ақбөкенге деген жағымды әсерлерін, қатынастарын қалыптастыру және бұл түрді қалпына келтіруге адамдарды тартудың ұзақмерзімді программасының негізін қалау.

АСБК мүшелері барлық поселкаларға кампания басталғанға дейін-ақ 2011 ж. қаңтар айында барып, онда жергілікті тұрғындармен сұрау әңгіме өткізген. Сол арқылы олардың ақбөкен жөніндегі білімдерін бағалауға болады ғой. Одан кейін АСБК қызметкерлері поселкалардың барлық тұрғындары үшін информациялық кештер және мектеп оқушылары үшін білімдік күндер өткізді. Кампания өзінің шарықтау шегіне «Ақбөкен күнін» өткізгенде жетті; оны барлық поселкалардың тұрғындары мен олардың балалары жақсы бағалады (қара: *Saiga News-12*). Проектінің бітетін стадиясы кезінде (2011 ж. маусымы) проекттің тиімділігін анкета арқылы бағалауға жергілікті тұрғындар мен балалардың 400-ден астамы қатысты. Бұл анкеталардың нәтижелерін проекттің басталған кездегі

мәліметтердің нәтижелерімен салыстыру мына көрсетті: проект кампанияның адамдардың ақбөкенге қатынасы мен олардың хабарлар болу дәрежесіне әсер етуін бағалауға көмектесті; олардың мінез-құлқы қалай өзгергенін байқатты; кампанияны өткізу табысына басқа да көрсеткіштер әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ алынған нәтижелер жергілікті тұрғындардың «сыртқы» табиғат қорғау шаралары мен процестерін қалай бағалайтындағын және бұл олардың табысына қалай әсер ететіндігін көрсетті.

Зерттеу кампанияның табысты өткенін көрсетті; жалпы адамдар ақбөкенді сақтауға қызығушылық білдірді; ақбөкенді сақтауда жергілікті тұрғындардың оптимистік ролін туғызды. Кампания біткеннен кейін респонденттердің білім дәрежесі оны өткізу мерзімінен бұрынғы кезбен салыстырғана едәуір өскендігін көрсетті. Жалпы кампания халықтардың ақбөкен туралы мәліметтерін өсірді. Кампания біткеннен соң бірқатар респонденттер (38%) оларда бұл түр туралы барлық керекті информацияның бар екендігін айтты. 93% респонденттер олардың алған мәліметтері өте маңызды екенін көрсетті. Бір респондент *«Ақбөкендер таяуда мамонт сияқты өліп бітеді»*, - деді.

Мынаны айтқан жөн, жергілікті тұрғындар емес адамдардың келтірген мәліметтері жергілікті халық үшін мәнді болды. Кампанияны *«бөтендермен»* өткізу олардың көзінше оған үлкен салмақ берді, адамдар былай деді: *«ешкім бізге мұнда келген жоқ және біз ақбөкендерде кездесетін проблемалар туралы ешнәрсе білмедік; біздің балалар ешуақытта ақбөкендерді көрген жоқ, бірақ енді олар олардың маңызын түсінеді»*.

Бір қатысушы ақбөкеннің қиын жағдайына бұрын онша үлкен мән берген жоқ едік деген пікір айтты, мынаған адамдардың көңілін аудару мақсатымен кампания хабар беруді күшейтуде жағымды әсер қалдырды: *«кампания хабар беруді күшейтуде бізге мынаны түсінуге көмектесті; ақбөкенді жоғалту-бұл біздің басты экологиялық проблемамыз; біздің көбіміз мұнда өмір бойы тұрамыз, бірақ ешуақытта ақбөкен туралы естіген жоқпыз; енді барлығы тұрақты ол туралы айтады»*. Бірнеше респонденттер былай деп санайды: *«кампания табысты болды, өйткені ол: «жастық шағынан бастап балаларды табиғат пен жабайы жануарларды құрметтеуге және сақтауға үйретеді»*.



Сурет Карлин Сэмюэлдікі

#### «Ақбөкен күніне» нағыз белсенді қатысушы.

Бірқатар респонденттер кампанияға қатысуын жағымда деп бағалады, өйткені атқарылған шаралар тегін болды және олардың тұратын поселкаларында өтті.

Адамдардың ақбөкенді сақтауға қатысуы проектiнiң орындалуының бас кезiне қарағанда едәуір жақсарды. Кампанияға дейiн көптеген адамдар ақбөкеннiң жойылып кету проблемасы оларды ойландыратынын айтса, бiрқатары ақбөкеннiң жойылып кету проблемасы осыған дейiн ойландырмаған сөз еттi оларды ойландырмайды. Кампаниядан соң тек адамдардың шағын группасы ғана ақбөкеннiң қырылып кетуi оларға бәрі-бiр екендiгiн байқатты, сол уақытта көпшiлiк мынадай пiкiрмен келiстi *«маған ақбөкеннiң жойылып кетуi бәрі-бiр емес»*.

Хабар берудi күшейту кампаниясы адамдардың ақбөкенге қатысын жақсартатындығын проект көрсеттi және Орал регионьнда жергiлiктi тұрғындар бұл түрдi қорғауға қосылуға дайын екенiн байқатты. Келесi қадам – хабарды жеткiзудi күшейту шараларын дайындау қажет және жылсайынғы мектеп графигiндегi экологиялық бiлiм беру программасына енгiзу керек, регионда ақбөкендi сақтауды қолдайтын группалар ұйымдастыру қажет. Бұл проекта жұмысының нәтижесiне адамдарда пайда болған жағымды әсерлердiң күшеюiне көмектеседi. Олар ақбөкендi сақтау iсiне өздерi де, шеттегi бақылаушылар болып



Сурет Карлин Сэмюэлдікі

Кармен Сэмюэль жерілікті тұрғындармен, волонтерлер группасымен және АСБК студенттерімен.

# Ресейде ақбөкенді сақтау жөніндегі ұлттық қимыл жоспарын дайындау

Переладова О.Б.

Орталық-Азия программасы, WWF Ресей, [opereladova@wwf.ru](mailto:opereladova@wwf.ru)

2009 ж. маусым айында Боннда Ресей Федерациясы қол қойған өзара түсіністік туралы Меморандум негізінде алынған міндеттемені орындау шеңберінде ақбөкенді сақтау мен қалпы келтірудің халықаралық қимыл жоспарын жүзеге асырудағы Ресейдің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі – бұл сирек жануарды сақтау жөніндегі ұлттық қимыл жоспарын дайындау болып табылады. Ресейде, атап айтқанда Солтүстік-Батыс Прикаспийде (Қалмакия, Астрахань облысы және көршілес территория) ақбөкеннің санының кемуі жалғасып келеді; соған байланысты қимыл жоспарын дайындау және оны жүзеге асыру өте актуальды. 2000-шы жылдардың басында Ресейде 18-20 мың ақбөкен болса, ал қазірде оның саны 7 мыңға дейін кеміді (қара: *Saiga News-13*). Көрсетілген кезеңде, сондай климат жағдайында және негізгі қоныстарында өсімдіктердің дамуы ұқсас кезде Қазақстанда ақбөкеннің жалпы саны 20 мыңнан 100 мыңнан аса өсті, Қазақстан территориясында ғана өмір сүретін бетпақдала популяциясының саны 3-4 мыңнан 2002-2003 жж. 70 мыңнан аса өсті. Қазақстан Республикасының мысалы түрді қалпына келтіру мүмкіндігі іске асатынын көрсетті.

Ресей Федерациясы өзіне алған міндеттерді тезірек орындау мақсатында, 2010 ж. күзінде WWF-Ресей 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған ақбөкен туралы ұлттық қимыл жоспарын дайындауды үйлестіруге кірісті. Дайындалған проект талдау үшін мамандарға және басқарудың регионалды ұйымдарына, әртүрлі ұйымдарға жіберілді. Оны одан әрі өңдеуде түскен барлық ескертпелер, өзгерістер және толықтырулар ескерілді.

Қимыл жоспарының проектісінде ақбөкенді қорғау жөніндегі халықаралық байланысты дамытуда бірқатар комплексты шаралар көзделген; бұл түрді қалпына келтіру және қорғау саласындағы нормативті – құқықтың базаларды жетілдіру мәселесі сөз болады. Әсіресе, табиғи миграцияны қамтамасыз ету

үшін, ақбөкен группировкаларының нормальды дамуы үшін, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи территориялардан тыс жерлерде ақбөкенді қорғаудың тиімділігін арттыру мәселесі, түрдің мекендейтін қоныстарының күйін жақсарту мақсатымен қажетті биотехникалық шаралар комплексы жоспарланып, оларды жүзеге асыру мүмкіндіктеріне айрықша көңіл бөлінді. Жоспардың арнаулы бөлімдері ретінде мақсатты ғылыми зерттеу қарастырылды, сонымен бірге ақбөкен популяциясы күйінің мониторингін жетілдіру, мәселен, ақбөкеннің және оның мекендерінің мониторингісі бұл жануардың популяциясына зиян келтіретін методика негізінде енгізу қажет. Қимыл жоспарына сондай-ақ ағартушылық және білімдік жұмыстардың әртүрлі бағыттары енгізілді; ақбөкеннің ресей популяциясын сақтау мен қалпына келтіру проблемасын шешуге жергілікті қауымдастықтарды таратуда көзделген.

31 қазанда 2011 ж. сирек түрлер комиссиясында жоспар проектісі бекіген, белгілі тәртіппен, Ресей Федерациясының табиғат ресурстары және экология министрлігіне соңғы рет қарап, өңдеп, арнаулы бекіту және одан әрі жүзеге асыру үшін жіберілген.



Сурет Н.Арылованыкі

Ақбөкендер Қалмакия Республикасының жабайы жануарлар Орталығының питомнигінде.

# Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

**Редакциядан:** Бұл номерде біздің редакцияның Өзбекстан Республикасының мемлекеттік табиғат қорғау комитеті Мембиобақылаудың бастығының қызметін уақытша атқарушы Александр Аркадьевич Григорьянцтан алған интервьюді біз жариялап отырмыз. Көп жылдар бойы Александр Аркадьевич Өзбекстанның уникалды табиғатын қорғау саласында жұмыс атқарып келеді. Тым айқын және есте қалар оның қызметі браконьерлердің жолын кесу оперативтік жұмыстармен байланысты. Сонымен бірге ол бірқатар халықаралық конвенцияларды, оның ішінде СИТЕС пен CMS бар, орындауға жауапты болып табылады; оның юристикациясына ақбөкенде кіреді.

**Ред.:** Қашанның бері Сіз алғаш рет ақбөкенге қызығушылық білдірдіңіз?

**АГ:** Мен балалық кезімнен бастап жабайы жануарлардың өмірімен өте қызықтым және ақбөкенді суреттен көрген кезде (қай жылы мұның болғаны есімде жоқ), оның ерекше сыртқы түріне өте таңқалдым. Бірақ бұл түрмен тығыз танысу - 1976 жылы инспекцияда жұмысты бастаған кезде болды.

**Ред.:** Сіздің әдеттегі жұмыс күніңіз қалай?

**АГ:** Қазірде менде ұйымдастыру және қағаз басты жұмыстар өте көп. Біздің ұйымға әртүрлі мәселелермен келген әртүрлі адамдармен тұрақты кездесемін және, егерде қызметкерлер өз дәрежесінде мәселені шеше алмаса, онда мен оны шешуге қатысуға тиіспін. Үлкен өкінішке қарай, оперативтік, инспекторлық жұмыстар аз болады.

**Ред.:** Сіз бізге ақбөкеннің тарихы туралы қандай да бір қызықты жайды айта аласыз ба?

**АГ:** Оперативтік жұмыста жүргенде мен ақбөкенмен өте жиі кездестім. Әртүрлі ситуациялар (оқиғалар) болды, бірақ ол шынында жұмыс болды, сондықтан да ол менде есте қоларлықтай әсер қалдырмады.

**Ред.:** Сіздің жұмысыңызда негізгі проблемалар қандай?

**АГ:** Негізгі проблемалар – бұл инспекцияны техникалық жабдықтау, кадрлер дайындау, заңдарға қосымшалар мен өзгерістер дайындау, әсіресе, табиғат ресурстарын пайдалануды бақылауды күшейту жөнінде.

**Ред.:** Сіздің жұмысыңыздағы кедергілерді қалай жоюға болады?

**АГ:** Шешім қабылдайтын адамдар арасында табиғат қорғауды үгіттеуді күшейту қажет. Сонымен бірге оларды табиғатты қорғау мәселесі бойынша үнемі оқыту керек. Политиктер мен экономистер мынаны түсінуі қажет: бүгінде табиғатты сақтауға миллиондар салу жеңіл және жақсы; келешекте оны қалпына келтіруге миллиондар жұмсағанша.

**Ред.:** Сіздің жұмысыңызда ең жақсы не?

**АГ:** Мен қандай жұмыстан сүйсінудің алсам, сол

жақсы, және табиғатты қорғауға байланысты ситуацияларды жақсарту үшін күшім жетсе барлығын істегім келеді.

**Ред.:** Ақбөкенді сақтаудың келешегі қандай? Бірінші кезекте бұл түрдің тірі қалуына көмектесу үшін не істеу қажет?

**АГ:** Көп жыл бұрын ақбөкенде жойылып кету қаупінде болды, бірақ қатаң заңдар оның санының қалпына келуіне көмектесті. Едәуір қорғау мәселесін, заңдылықтарды, жергілікті жұртшылық арасында үгіт – насихат жұмыстарын күшейту керек және заң талаптарын мүлтіксіз орындау қажет. Сонда оның санының қалпына келетініне мен сенемін.

**Ред.:** Сіздің табиғат қорғау саласында істегеніңізге бір онжылдық емес? Бұл жылдары не өзгерді, бұл салада қазіргі тенденция қандай?

**АГ:** Я, менің істегеніме көп жыл болды; мынаны айтар едім: тенденцияның жақсы жақтары байқалуда. Көптеген адамдар мынаны түсіне бастады: табиғатты қорғау – бұл қандайда-бір фанатиктердің даңқойлығы емес, біздің жалпы жерімізде жер бетінде тіршілікті сақтаудың маңызды екендігін көрсетеді. Табиғатта шекара жоқ, мұны көптілік түсінеді, олардың ішінде саяси қайраткерлерде бар. Менің ойымша, таяудағы келешекте табиғатты қорғау салаларын жақсартуда бұл тура жол болады.



Сурет А. Есимова

Александр Григорьянц өз кабинетінде.

# Проектілерге шолу



## 2011 ж. ақбөкенді сақтау Альянсының кіші гранттар программаларының конкурсы

2011 ж. бізге бағымызға қарай кіші гранттардың екі жеке конкурстарын өткізудің жолы түсті. Бірсуін - СІС пен WCN қолдады, және біздің жылсайынғы жергілікті жерлерде ақбөкен жөніндегі проектiлердi қолдауымыз жалғасуда және ақбөкендi сақтау жөніндегі өзара түсіністік Меморандумының Ортамерзімді халықаралық жұмыс программасын және қоныс аударатын түрлер Конвенциясын орындауға көмектесу де жалғаса түсуде. Жеңімпаздарды 2011 ж. қыркүйегінде SCA-нің ұйымдастыру комитеті анықтаған. Бұл жылы біз әртүрлі тіршілік жағдайтын қарастырған және ақбөкен мекендейтін елдерді кең географиялық жағынан қамтыған үш жақсы проектiлердi қаржыландырғанға қуандық.

- Мингсия Жанг (Қытай) «Гуанчжоуда ақбөкенмен заңсыз сауда жасау қысқарды».
- Максұт Жарымбетов (Қазақстан) «Жасау, тираждау және тарату комикса «Ақбөкен туралы қисса».
- Виктория Ностаева (Ресей) «Ақбөкен туралы жылжымалы (кеңформатты) информациондық стенд жасау және Республика Қалмақияның мектеп оқушыларын экологиялық тәрбиелеу үшін лекциялар өткізу».

АҚШ-тың балықтар мен жабайы құстар (USFWS) қызметі SCA-ға кіші гранттардың бір турын олардың

атынан өткізуді өтінді. Конкурс Альянстің жылсайын өткізетін кіші гранттардың мақсатына ұқсас жағдайында өтті, бірақ проектi қаржы жағынан салмақты 20 мың АҚШ долларына дейін қолдау жағдайында өтті; әдетте 2 мың доллар шамасында болады ғой. Жақсы жобаларды таңдап алу үшін жеті тәуелсіз халықаралық эксперттер құрылды. Біз ақбөкен мекендейтін үш елде тағы да әртүрлі тіршілік жайын қамтитын төрт тамаша проектiлердi қуана қолдадық:

- Анатолий Хлуднев (Ресей) «Браконьерлермен күресуді күшейту мақсатымен «Степной» қорықшасын техникалық жабдықтауды жақсарту және Астрахань облысында ақбөкенді қорғауды жақсарту».
- Юрий Арылов (Ресей) «Бақылауды пайдаланып және жергілікті тұрғындардың біліміне сүйеніп, Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен популяциясына мониторинг жүргізу».
- Батхуяг Балдангомбо (Моңғолия) «Батыс Моңғолия мен Қытайда ақбөкен туындылармен шекаралық сауда жасауды тоқтату үшін потенциалды (мүмкіндікті) күшейту».
- Ян Ксие (Қытай) «Гуанчжоуда ақбөкен мүйіздерімен жасырын сауда жасауды тоқтату үшін мемлекеттік заңдылықтар мүмкіндігін күшейту».

Жеңімпаздарды құттықтаймыз және олардың жұмыстарының нәтижелерін «Saiga News»-тің келесі номерлерінде жариялануын күтеміз.



Сурет Н. Арылованыкі

# Хабарландыру

## CMS-тың ақбөкенді сақтау жөніндегі Ортамерзімді халықаралық жұмыс программасының орындалуын координациялау



2011 ж. ақпан айында ақбөкенді сақтау Альянсы (SCA) және биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясы (АСБК) қоныс аударатын түрлер Конвенциясы секретариатымен (CMS) ақбөкенді сақтаудың Ортамерзімді халықаралық жұмыс программасының орындалуын координациялау (сәйкестендіру) туралы келісімге қол қойды. CMS-тің кіші гранты қолдауымен АСБК мен SCA екі негізгі бағытта жұмыс істеуде: бұл салада жұмыс эксперттерге (АСБК басшылығымен) ақбөкенді сақтау бағытында проектiлер бойынша мәліметтердің базасын жасау және ақбөкен жөнінде Ресурстық орталық (РЦС) құру (SCA басшылығымен). Бұл бағыттар бір-бірімен байланысты. Мысалы, мәліметтер базасын қарап, РЦС сайтінде онлайн толтыруға болады. Информация тек тіркелген пайдаланушылар үшін ашық.

Веб-сайт РЦС жалпы жұртшылық үшін арнаулы бет береді, онда әрбір адам ақбөкен жөніндегі фотографияларды, документтерді, видеофильмдерді және басқада информацияларды таба алады. Дисней «Coins for Change» фондсының программаны қолдауымен экологиялық білім материалдары бар беттерде ұйымдастырылады.

РЦС-те барлық документтер ағылшын және орыс тілдерінде беріледі. Егерде қосымша қаржы болса, біз орыс тіліндегі мәліметтер пакетін кеңейтеміз және веб-сайтты ақбөкен мекендейтін елдердің басқа да тілдеріне көшіреміз.


Мәліметтер базасы бар РЦС бірнеше жетіден кейін жұмыс істей бастайды. Қазір біз сіздерден проектiлер мен эксперттер формасын толтыруды бітіру керектігін сұраймыз; себебі Сіздің информацияңыз мәліметтер базасына енгізілуі керек. Формаларды мына сайттан табуға болады: <http://www.saiga-conservation.com/saiga-resource-centre.html> немесе Алена Шмаленкодан сұрауға болады, [alyona.shmalenko@acbk.kz](mailto:alyona.shmalenko@acbk.kz).

Сондай-ақ кезкелген документтерді, фотографияларды және басқа материалдарды РЦС бетінен көру үшін Адам Филипсонға, [adphil100@yahoo.com](mailto:adphil100@yahoo.com) жіберуге болады, ол SCA-мен жұмыс істейді және веб-сайт үшін информациялар жисайды.

Біз ақбөкенді зерттеумен және сақтаумен айналысатын барлық жұрт бұл инициативаға қатысады ғой сенеміз. Бұл мерзімді халықаралық жұмыс программасын орындауды қолдайды және түрді сақтауды жақсарту үшін бірлесіп жұмыс істеуді және информациялармен алмасуды қамтамасыз етеді.

The screenshot shows the Saiga Resource Centre website. At the top, there is a header with the Saiga Resource Centre logo and navigation links for Log in, Language, and Contact us. Below the header is a main navigation menu with links for Home, Background, Specialist Resources, Pictures, Videos, Literature, Environmental Education, Useful Links, Forum, and News. The main content area is titled 'Background' and features a 'Featured content title' section with a large image of saiga antelope and a text block. Below this are several smaller article tiles, each with a thumbnail image and a title: 'About Saigas', 'Conservation status', 'The SRC', 'Saiga MoU', 'Progress towards MoU', and 'News archive'. Each tile includes a short text snippet and a 'Read about...' link. At the bottom of the page, there is a footer with copyright information and links for Sign up to updates, Privacy policy, Terms & Conditions, Sitemap, and Contact us.

Ақбөкен жөніндегі Ресурстық орталықтың беті (дайындау процессі үстінде).



### Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсы соңғы 6 ай бойы біздің жұмысымызды қолдаған барлық адамдарға шын жүректен ризашылдығымызды білдіреміз; олар Марджори Паркер, Линду Табор-Бек, Стивена және Карин Чейзов, Кеннон және Боба Хадсонов, Сьюзны және Куртиса Комбсов, Джеффа Флокена (IFAW), Чина Оуэна, Ким және Кевина Нуканенов, Брэда Робертса және Энн Мари Бургуин, Тйшин Гасти, Лизу және Белинду Такер, Дебору Хорнейко, Сьюзан Вилинг, Петера Джелинека, Аду Ван Щарнер, Гэвина Эвэнса. Біз біздің жұмысымызға көмектескен және қолдаған WCN қызметкерлері мен волонтерлерін, сондай-ақ Saiga News-те жариялау үшін WCN көрмесінен фотографияларды берген фотограф Мартин Варонга рахметіміз айтамыз. Ерекше алғыс – дизайнер Майк Бромберге, ол бізге жаңа электрондық басылым «Saiga Spotlight» шығаруға көмектесті.

Бұл нөмердің шығуын қолдаған барлық ұйымдарға біздің алғысымызды білдіреміз: CMS, WCN, WWF-Моңғолия және WCS-Қытай.

**Редакция алқасы.** Ұлыбритания: проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Империял Колледж Лондон ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)); Қазақстан: проф. А. Бекенов және Ю. Грачев, Институт зоологии ([teriologi@mail.ru](mailto:teriologi@mail.ru)), О.Климанова, АСБК ([olga.klimanova@acbk.kz](mailto:olga.klimanova@acbk.kz)); Қытай: Аили Канг ([akang@wcs.org](mailto:akang@wcs.org)) және Фенглиан Ли ([fli@wcs.org](mailto:fli@wcs.org)), WCS-Қытай; Моңғолия: Б. Лхагвасурен ([lkhagvasuren@wwf.mn](mailto:lkhagvasuren@wwf.mn)) және Б. Чимеддорж ([chimeddorj@wwf.mn](mailto:chimeddorj@wwf.mn)), WWF-Моңғолия; Ресей: А. Лушкекина, Экология және эволюция проблемасы институты ([saigak@hotmail.com](mailto:saigak@hotmail.com)) және проф. Ю. Арылов, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы ([kalmsaiga@mail.ru](mailto:kalmsaiga@mail.ru)); Өзбекстан: Е. Быкова [жауапты редактор] және А. Есипов, Зоология институты ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).

Бұл басылым онлайнда [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com), <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> немесе сұрау бойынша бұл басылымды ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдері редакторларынан алуға болады.

Сіздерді алты тілдің кезкелгеніне материалдар жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске: [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz) немесе редакторлардың біріне жіберуге болады. Бюллетень жылына екі рет шығады. Ағылшын және орыс тілдеріндегі авторлар үшін ережені мынадан [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com) немесе сұрау бойынша редакторлардан алуға болады. Егерде Сізде қандайда бір сұрақтар туса, онда Сіздің елдегі Saiga News редакторына немесе жауапты редактор – Елена Быковамен ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)) хабарласыңыз.